

## МАРҚА ЖАЗҒАН ІЗГІ ХАБАР

### Жаңияның Иса Христос туралы уаеыздауы

**1:1** Құдай Ұлы Иса Христос туралы Изгі хабардың басы: **2** Пайғамбарлар [Құдайдың Сөзін] былай деп жазып: «Міне, Мен хабаршымды алдыңнан жіберемін, Ол Сенің жолыңды дайындап қояды. **3** Шөл далада шақырған біреудің даусы [шығады]: Тәңірге жол әзірлендер, Оның жолдарын түзетіңдер!» — дегендей, **4** шөл далада Шомылдырушы Жақия пайда болды. Ол адамдарға, күнәларының кешірілуі үшін теріс жолдарынан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, өздерін суға шомылдыртуды уағыздап жүрді. **5** Сонда бүкіл Иудея өлкесінің және Иерусалим қаласының тұрғындары Жақияның қасына келіп, өз күнәларын мойындады және Жақияның қолынан Иордан өзенінде шомылдырылды. **6** Ал Жақия түйе жүнінен киім киген, қайыспен белін буған, оның асы шегіртке мен жабайы араның балы болатын. **7** Жақия сөйлеп былай деді: — Менің соңымнан менен күшті Адам келеді. Мен иіліп, Оның аяқкиімінің бауын шешуге де лайықты емеспін. **8** Мен сендерді суға шомылдырдым, ал Ол болса, сендерді Киелі Рухқа шомылдырады.

### Исаның шомылдырылуы және сыннан өтуі

**9** Сол күндерде Иса Ғалилея өлкесіндегі Назарет қаласынан келіп, Иордан өзенінде Жақияның қолынан шомылдырылды. **10** Иса судан шыққан уақытында [Жақия] аспанның ашылғанын және [Киелі] Рухтың көгершін сияқты Оның үстіне түсіп қонғанын көрді. **11** Сонда аспаннан: — Сен Менің сүйікті Ұлымсың, Мен Саған ризамын, — деген дауыс естілді. **12** Содан кейін [Киелі] Рух Исаны дереу айдалаға апарды. **13** Айдалада қырық күн тұрғанда, шайтан Исаны сынады; Ол аңдар арасында тұрды, ал періштелер Оған қызмет етті.

## Исаның уағыздауы және алғашқы шәкірттерін таңдауы

**14** Жақия қамалғаннан кейін, Иса Ғалилея өлкесіне келіп, Құдайдың Патшалығы туралы Ізгі хабарды жариялап: **15** — Енді уақыты жетіп, Құдайдың Патшалығы таяп келді! Теріс жолдарыңнан қайтып, Ізгі хабарға сеніңдер! — деп сөйледі. **16** Иса Ғалилея көлінің жағасымен бара жатқанда, көлге ау салып жүрген Симон мен оның інісі Андрейді көрді. Олар балықшы болатын. **17** Иса оларға: — Менің соңымнан еріңдер. Мен сендерді, балық аулағандарыңдай Маған адам жинаттырамын, — деді. **18** Олар дереу ауларын тастап, Оған еріп [Оның шәкірті болды]. **19** Сол жерден біраз эрірек жүрген соң, Ол Зебедейдің ұлдары Жақып пен Жақияны көрді. Олар қайықта ауларын жамап отыр еді. **20** Сонда Иса оларды шақырды, олар да әкелері Зебедейді жұмысшылармен бірге қайықта тастап, Оған ілесті.

## Исаның Қапарнаумдағы уағыздауы мен адамдарды сауықтыруы

**21** Олар Қапарнаум қаласына келді. Келесі демалыс күні Иса мәжілісханаға кіріп, [жиналған жұртты] үйрете бастады. **22** Жұрт Оның үйретуіне таң қалысты, өйткені Ол оларды діни мұғалімдер сияқты емес, Өзінің билігімен үйретті. **23** Сонда жын соққан бір адам олардың мәжілісхана-сында айқайлап: **24** — Тоқта, назареттік Иса! Сенің бізде не жұмысың бар? Бізді күртуға келдің ғой! Сенің кім екеніңді білемін, Сен Құдайдың Киелісің, — деді. **25** Бірақ Иса оған: — Үніңді өшір де, бұл адамның ішінен шығып кет, — деп тыйым салды. **26** Жын оны дереу шайқалтып, қатты дауыспен айқайлап оның ішінен шығып кетті. **27** Сонда барлығы қорқып аң-таң болып қалды. Бір-бірінен: — Бұл не? Бұл не еткен жана ілім? Ол жындарға билікпен бұйрық береді, олар да Оған бағынады, — деп сұрасты. **28** Осыдан кейін Ол жайындағы хабар тез арада бүкіл Ғалилея өлкесіне тарады. **29** Көп кешікпей мәжілісханадан шыққан Иса Жақып және Жақиямен бірге Симон мен Андрейдің үйіне кірді.

**30** Симонның қайын енесі безгекпен ауырып төсек тартып жатыр еді. Олар мұны Исаға дереу айтып берді. **31** Иса оның қасына барып, оны қолынан ұстап тұрғызды. Оның безгегі дереу шығып кетті, әйел оларды күте бастады. **32** Күн батып кеш болған кезде [ондағы жұрт] Исаға науқастар мен жын соққандардың барлығын алып келді. **33** Жұрттың бәрі сыртта, есік алдына жиналды. **34** Иса түрлі дертпен азаптанған көптеген кісілерді сауықтырды және көп жындарды кісілерден шығарып тастады. Жындар Оның [Христос] екендігін білгендіктен, Ол олардың сөйлеуіне тыйым салды. **35** Ертеңінде Иса таң алдында тұрып үйден шықты да, оңаша бір жерге барып дұға етті. **36** Симон және онымен бірге болғандар асығып Оның соңына түсті. **37** Оны тапқаннан кейін Оған: — Жұрттың бәрі Сені іздеп жүр, — деді. **38** Иса оларға жауап беріп: — Енді жақын мандағы ауылдар мен қалаларға барайық. Ол жерлерде де Менің уағыздауым керек, өйткені Мен сол үшін келгенмін, — деді. **39** Және бүкіл Ғалилея өлкесін аралап, мәжілісхана-ларда уағыздап, кісілерден жындарды шығарып тастап жүрді. **40** Исаға алапес біреу келіп, тізесін бүгіп: — Егер Сен қаласаң, мені жазып тазалай аласың, — деп жалбарынды. **41** Иса жаны ашып, оған қолын созып тигізді де: — Қалаймын, тазалан, — деді. **42** [Иса бұл сөзді айтысымен] алапес онан дереу кетті де, адам сауығып тазаланды. **43** Иса оны дереу жіберіп: **44** — Байқа, ешкімге ештеңе айтпа! Бірақ [сенің жазылғаның оларға] әйгілі болсын деп діни қызметкерге барып өзінді көрсет те, Мұса [пайғамбар] бұйырған сыйлықты бер, — деп жарлық берді. **45** Алайда ол шыққан бойда-ақ болған уақиғалар жайында эшкере түрде сөйлеп, хабарды жариялай бастады. Сондықтан Иса одан кейін ешбір қалаға ашық түрде кіре алмады, бірақ қаланың сыртындағы елсіз далада тұрды. Сонда да жұрт Оған әр жақтан келе берді.

## Бір мугедектің жазылуы

**2:1** Иса [бірқанша] күннен кейін Қапарнаумға қайтып келгенде

Оның үйде екендігі жайында хабар жайылды. **2** [Дереу] көптеген кісілер жиналып келіп, тіпті есік алдында да кісі тұратын жер қалмады. Иса оларға [Құдайдың] Сөзін уағыздады. **3** Сол мезгілде Оған төрт кісі сал болып ауырған бір адамды көтеріп алып келді. **4** Адамдардың көптігінен Исаға жақындай алмаған соң олар Иса тұрған үйдің төбесін ашып, сал болғанды төсегімен Оның алдына түсірді. **5** Иса олардың сенімдерін көріп, сал болған адамға: — Балам, сенің күнәларың кешірілді! — деді. **6** Діни мұғалімдердің кейбіреулері онда отырып, өз көңілдерінде: **7** — Бұл неге солай сөйлеп Құдайды қорлап тұр? Адамның күнәсын Құдайдан басқа кім кешіре біледі? — деп ойлады. **8** Иса өз рухымен олардың солайша ойлағандықтарын дереу сезді де, оларға: — Сендер көңілдерінде неге солай ойлайсыңдар? **9** Сал болған кісіге қайсысын айту оңайырақ: сенің күнәларың кешірілді деу ме, жоқ, орныңнан тұрып төсегінді алып жүре бер деу ме? **10** Бірақ жер бетінде күнәларды кешіруге Адам Ұлының билігі бар екендігін білулерің үшін ... — деп, сал болған адамға [бұрылып]: **11** — Саған айтып тұрмын: орныңнан тұрып төсегінді ал да үйіңе қайт, — деді. **12** Ол дереу жатқан орнынан тұрды да, төсегін жинап алып жұрттың көз алдында үйден шығып кетті. Бәрі таң қалысып, Құдайды мақтап: — Бұндайды біз ешқашан көрген емеспіз, — десті.

### Матай-Левидің шәкірттерге қосылуы

**13** Иса қайтадан көл жағасына барып, жұрттың бәрі Оның қасына келді, Ол оларды үйретті. **14** Сонан соң кетіп бара жатқанда, Ол салық кеңсесінің қасында отырған Алпейдің баласы Левиді көрді де оған: — Менің соңымнан ер, — деді. Ол орнынан тұрып Оған [шәкірт болып] ілесті. **15** Иса оның үйінде дастарқан басында отырғанда, Онымен және Оның шәкірттерімен бірге көптеген салықшылар мен күнәкарлар дастарқандас болды. Өйткені сол сияқты көп кісілер Оның соңынан еріп жүрді. **16** Діни мұғалімдер мен парызшылдар Оның салықшылар және күнәкарлармен бірге ас

ішіп отырғанын көріп, Оның шәкірттеріне: — Ол неге салықшылар және күнәкарлармен бірге ас ішіп отыр? — деді. **17** Мұны естіген Иса оларға: — Дәрігерге дені саулар емес, аурулар мұқтаж. Мен әділдерді емес, күнәкарларды теріс жолдарынан қайтып, Құдайдың жолына түсуге шақыруға келдім, — деді.

### Той бастпалды! Жаңа өмірдегі жаңа салтшар

**18** Жақияның шәкірттері де, парызшылдардың шәкірттері де [жиі] ораза ұстап жүрді. Кейбір кісілер Исаға келіп: — Жақияның және парызшылдардың шәкірттері ораза ұстайтын болғанда, Сенің шәкірттерің неге ораза ұстамайды? — деген сұрақ қойды. **19** Иса оларға: — Тойға келгендер күйеу өздерімен бірге болғанда ораза ұстай ала ма? Жоқ, күйеу өздерімен бірге болған кезде олар ораза ұстай алмайды. **20** Бірақ олардан күйеуді ажыратып алып кететін күн келеді, сол күндерде олар ораза ұстайтын болады. **21** Ешкім ескі киімге жаңа матадан жамау жамамас. Олай етсе, жаңа жамау ескі киімнен жыртылып, жыртық бұрынғысынан бетер болады. **22** Жаңа шарапты да ешкім ескі торсыққа құймас. Олай етсе, жаңа шарап ескі торсықты жарып, шарап та ағып кетеді, торсық та бұзылады. Керісінше, жаңа шараптың жаңа торсыққа құйылуы тиіс, — деді.

### Діни демалыс күні жайындағы мәселе

**23** Бір [діни] демалыс күні Иса егіндіктің арасынан өтіп бара жатқанда, Оның шәкірттері егіннің масақтарын үзіп ала бастады. **24** Парызшылдар Оған: — Қарашы, бұлар демалыс күні істеуге болмайтын бір істі неге істеп жүр? — деді. **25** Ол оларға жауап беріп: — Дәуід [патша] мен оның қасындағылары мұқтаж болып ашыққанда не істегенін ешқашан да оқымаған-сыңдар ма? **26** Ол бас діни қызметкер Абиятардың заманында Құдайдың үйіне кіріп, тек діни қызметкерлерден басқа ешкімге жеуге болмайтын, Құдайға ұсынылған нандарды өзі де жеген, қасындағыларға да берген емес

пе? — деді. **27** Оларға тағы да: — Адамдар демалыс күні үшін жаратылмаған, керісінше, демалыс күні адамдар үшін белгіленіп жаратылған. **28** Сондықтан Адам Ұлы демалыс күнінің де Қожасы, — деді.

### Діни демалыс күнінде жақсылық істеуге бола ма?

**3:1** Иса тағы да мәжілісханаға кірді. Онда қолы семіп қалған бір адам бар еді. **2** [Парызшылдар] Исаға кінә тағуға тырысып, Ол оны демалыс күнінде сауықтырар ма екен деп андыды. **3** Иса қолы семіп қалған адамды шақырып: — Ортаға шықшы, — деді. **4** Содан соң Ол оларға: — Демалыс күнінде не істеуге болады: жақсылықты ма, әлде жамандықты ма? Біреудің өмірін күтқаруға ма, әлде жоюға ма? — деді. Бірақ олар үн қатпады. **5** Иса айналасында отырған осы адамдарға ашумен қарап, олардың көңілдерінің қикарлығына уайым жеп, әлгі кісіге: — Қолыңды созшы, — деді. Ол қолын созды, сонда қолы екіншісіндей болып жазылды. **6** Ал парызшылдар сыртқа шығып, дереу Иродтың кісілерімен кеңес құрып, Исаны қалай күрту жайында ақылдасты.

### Халықтың Исаның қасына топ-тобымен жиналуы; Исаның он екі елшісін тағайындауы

**7** Бірақ Иса өз шәкірттерімен көлдің жағасына кетті. Оның соңынан Ғалилеядан, Иудеядан, **8** Иерусалимнен, Идумеядан және Иорданның арғы бетінен көп халық еріп жүрді. Оның не істегенін естіп Тир мен Сидон қалаларының төңіректерінен де көптеген кісілер Оған келді. **9** Қаптап келген халық Өзін сығыстырмасын деп Иса Өзінің шәкірттеріне Өзі үшін бір кішкене қайық даярлауды тапсырды. **10** Себебі, Иса көп кісі сауықтырып жібергендіктен, эр қилы дертке ұшырағандардың бәрі Оған қолдарын тигізуге тырысып, Оған таяла түсті. **11** Ал адамдардағы жындар Оны көргенде Оның аяғына жығылып: — Сен Құдайдың Ұлысың! — деп

айқайлады. **12** Бірақ Ол олардың Өзін жұртқа таныстыруына қатты тиым салды. **13** Сонан соң Ол тауға шығып, көңілі қалаған адамдарын қасына шақырды. Олар Оның қасына келді. **14** Олардың он екісін Өзімен бірге болуға тағайындап, оларды уағыз айтуға жібермекші де еді. **15** Сондай-ақ оларға ауруларды жазуға және жындарды қуып шығаруға билік берді. **16** Ол тағайындаған кісілер мыналар: Ол Петр деп атаған Симон, **17** Ол Боанергес (яғни, «күркіреген күн балалары») деп атаған Зебедей ұлдары Жақып пен Жохан, **18** Андрей, Піліп, Бартоломей, Матай, Тома, Алпей ұлы Жақып, Тадей, Қананит Шимон **19** және кейін Исаға опасыздық жасаған Иуда Исқариот. **20** Содан кейін олар бір үйге түсті. Онда халықтың тағы да көп жиналғандығы соншалық, олардың тамақтануға да мүмкіншілігі болмай қалды. **21** Оның туысқандары мұны естіп: — Есі шығып кетіпті, — деп, Оны ұстап алу үшін шықты.

### Қудайдың Рухына қарсы турмау туралы ескерту

**22** Ал Иерусалимнен келген діни мұғалімдер: — Онда белзәбул-шайтан бар. Жындардың бастығының күшімен жындарды шығарып тастап жүр, — десті. **23** Иса діни мұғалімдерді шақырып алып, оларға мысалдар келтіріп былай деді: — Шайтан шайтанды қалай шығарып тастай алады? **24** Егер бір патшалық өз ішінен бөлініп, өзімен-өзі ұрысып тұрса, ол патшалық шыдай алмай жойылып кетер. **25** Егер бір үй де өз ішінен бөлініп, өзімен-өзі ұрысып тұрса, ол үй [берекесі болмай] құрып жоғалар. **26** Егер шайтан да-өзіне қарсы шыққан болып ішінен бөлінсе, онда ол шыдап тұра алмас, бірақ оның құритын уақытының жеткені болады. **27** Ал ешкім де бір мықтының үйіне кіріп, әуелі мықтыны байлап тастамай оның мүлкін тартып әкете алмас. Оны жеңіп байласа, сонда оның мүлкін тартып әкете алады. **28** Сендерге шын айтып тұрмын: адам балаларының күнәлары мен қорлаулары, қандайлары болса да, барлығы кешіріледі, **29** бірақ Киелі Рухты қорлап тұрғанға ешқашан да

кешірім болмас, ол мәңгі күнәлы болады. **30** [Бұл сөздерді Иса адамдардың] «Оның жыны бар» дегендіктерінен [айтты].

### Исаның шын мәндегі туысқандары

**31** Сонда Исаның шешесі мен інілері келді; олар үй сыртында тұрып, Оған жіберіп Оны шақыртты. **32** Оның айналасында отырған кісілер Исаға: — Сенің шешең мен іні-қарындастарың үйдің сыртында Сені шақырып тұр, — деді. **33** Иса оларға жауап қайырып: — Менің шешем кім, інілерім кімдер? — деді де, **34** айналасында отырғандарға қарап: — Міне, Менің шешем мен інілерім! **35** Өйткені кім Құдайдың еркін қылса, Менің інім де, қарындасым да, шешем де — сол, — деді.

### Себілген тұқым туралы мысал

**4:1** Иса көл жағасында тағы да кісілерді үйрете бастады. Олар Оның төңірегіне көп жиналғандықтан, Ол көлдегі бір қайыққа мініп отырды, барлық жұрт та көлдің жағасындағы жерде еді. **2** Иса оларға мысалдап көп тәлім бергенде былай деп сөйледі: **3** — Тыңдаңдар: бір егінші тұқым себуге шықты. **4** Ол сепкенде тұқымдардың кейбіреулері жол бойына түсті де, құстар келіп оларды жеп қойды. **5** Кейбіреулері тастаққа түсіп, топырағы жұқа болғандықтан дереу көктеп шықты. **6** Бірақ күн шық қан соң солып, тамырлана алмағандықтан қурап қалды. **7** Кейбіреулері тікендер арасына түсті; тікендер өскен соң оларды түншықтырды, сөйтіп олар жеміс бермеді. **8** Ал кейбіреулері құнарлы жерге түсті де, толысып өсіп, біреуі отыз еседен, біреуі алпыс еседен, біреуі жүз еседен жеміс берді. — **9** Және Иса оларға: — Естуге құлағы бар кісі естісін! — деді.

### Құдайдың Сөзін ашық көңілмен тыңдап тілін алу керек

**10** Халық тараған соң, он екі шәкірті мен төңірегіндегілер Исадан



мысал жайында сұрады. **11** Ол оларға былай деп айтты: — Құдайдың Патшалығы туралы сырларды білу [хұқығы] сендерге берілген, ал сол сырттағыларға бәрі мысалдап түсіндіріледі. **12** Сөйтіп, Олар көздерімен қараса да көрмесін, Құлақтарымен тыңдаса да түсінбесін; Осылайша, олар теріс жолдарынан қайтпасын, Олардың күнэлари кешірілмесін. **13** Және оларға былай деді: — Сендер бұл мысалды түсінбей тұрсындар ма? Онда басқа мысалдардың бәрін қалай түсінбекшісіңдер? **14** Тұқым себуші [Ізгі хабардың] Сөзін себеді. **15** Ал жол бойына себілген тұқым мынаны білдіреді: кісілердің көңілдеріне Сөз себілгеш бірақ олар естіген соң дереу шайтан келіп, себілген Сөзді тартып алып кетеді. **16** Сол сияқты, тастаққа себілгені мұндай оқиғаны білдіреді: кісілер Сөзді естіген бойда оны дереу қуанышпен қабыл алады; **17** бірақ олар тамыр жаймағандықтан тұрақсыз болады. Сөз үшін оларға азап шегуге немесе сүргінделуге ұшырауға тура келгенде олар дереу сенбей қалып, теріс жолға түседі. **18** Тікендер арасына себілгені болса, мынаны білдіреді: кісілер Сөзді тындайды, **19** бірақ бұл дүниедегі тұрмысының қамын жеп абыржулары да, байлыққа алданулары да, өзге нәпсілер де бойларына сіңіп, Сөзді түншықтырады; сөйтіп олар жеміс бермейді. **20** Ал құнарлы жерге себілгені болса, мынаны білдіреді: кісілер Сөзді тындап қабыл етіп, кейбіреуі отыз еседен, кейбіреуі алпыс еседен, кейбіреуі жүз еседен жеміс береді. **21** Сонда Иса оларға сұрақ қойып: — Шам-шырақты ыдыстың немесе төсектің астына қоюға әкеле ме? Оны шам қойғышқа қоюға әкелмей ме? — деді. **22** — Өйткені білінбей қалатын ешбір сыр да жоқ, жарыққа шығып аян болмайтын еш құпиялық та жоқ. **23** Естуге құлағы бар кісі естісін! **24** Оларға тағы былай деп сөйледі: — Не тыңдағандарыңа көңіл бөліндер! Қандай өлшеммен өлшесендер, өздеріңе де сондай өлшеммен өлшенеді, [Сөзді тыңдаушы] сендерге үстеме де беріледі. **25** Өйткені кімде бар болса, оған беріледі, ал кімде жоқ болса, оның бары да онан алынады.

## Астық туқымы мен қыша дәні туралы мысалдар: Құдайдың Патшалығының өзінен-өзі кеңеюі

**26** Содан кейін Иса былай деді: — Құдайдың Патшалығы [мынадай мысалға] үксайды: Бір кісі жерге тұқым шашқан еді. **27** Ол түнде ұйықтап, күндіз тұрып, тұқымның қалай көктеп өскенін білмейді. **28** Өйткені жер өзінен-өзі әуелі көк шөп етіп шығарып, сонсоң оның масағын шығарады, содан кейін масақты дэнге толтырады. **29** Егін толысып піскен соң, оратын уақыты болғандықтан егінші оған орақ салады. **30** [Сөзін жалғастырып] Иса былай деді: — Құдайдың Патшалығын неге үқсас дейік, оны қандай мысалдармен бейнелейік? **31** Ол қыша дәніне үксайды. Оны жерге еккенде ол жердегі дәндердің бәрінің де кішкенесі болады. **32** Бірақ егілгеннен кейін ол өсіп, барлық [дәнді] шөптің биігі болып шығып, кең жайлы бұтақты болғандықтан оның көлеңкесіне көктегі құстар қонақтай алады. **33** Иса осындай көп сөздерді уағыздап, кісілердің тыңдай алғандарынша сөйледі. **34** Оларға мысалсыз еш нәрсе сөйлемеді, ал өз шәкірттеріне оңашада барлығын түсіндірді.

## Исаның дауылды тоңтатуы

**35** Сол күннің кешінде Иса оларға: — Көлдің арғы жағына өтейік, — деді. **36** Олар халықты қалдырып, Оны қайықта отырған күйінде өздерімен бірге алып жүрді. Басқа қайықтар да Оған ілесті. **37** Сол кезде күшті дауыл көтеріліп, толқындар қайықты соққылап суға толтыра бастады. **38** Ал Иса қайықтың артқы жағында көпшік жастанып ұйықтап жатты. Шәкірттері Оны оятып: — Ұстаз, біз өлетін болдық қой, оның қамын ойламайсың ба? — деді. **39** Ол тұрып, желге тиым салып, көлге: — Тын, басыл! — деп [бұйырды]. Сол сәтте жел саябырланып, тым-тырыс тыныштық болды. **40** Және Ол оларға: — Сендер неліктен мұншама қорқасындар? Сендердің сенімдеріңнің болмайтыны [қалай]? — деді. **41** Олар қатты қорқып, бір-біріне: — Жел де, көл де Оған бағынатын Бұл кім екен? — десті.

## Жын соққан кісінің босатылуы

**5:1** Содан соң олар көлдің арғы бетіндегі Ғадара аймағына келді. **2** Иса қайықтан шығысымен, Оған [үңгір] бейіттерінен шығып келе жатқан, жын соққан бір кісі кезікті. **3** Ол [үңгір] бейіттерінде мекендейтін; оны тіпті шынжырлап тастаумен ешкім де ұстап тұра алмайтын. **4** Өйткені оны элденеше рет шынжырлап бұғаулаған болса да, ол эрдайым шынжырды үзіп, бұғауды сындырып босанып, оны жуасытуға ешкімнің әні жетпеген. **5** Ол күндіз-түні бейіттердің арасында және тауларда айқай салып, өзін-өзі таспен ұрып жарақаттанып жүретін. **6** Ол Исаны алыстан көрісімен жүгіріп келіп, Оған тізесін бүгіп табынды да, **7** қатты дауыстап: — Құдай Тағаланың Ұлы Иса, Сенің менде не жұмысың бар? Құдай үшін Саған жалбарынамын: мені азаптама! — деп айқайлады. **8** Өйткені Иса оған: — Арам жын, бұл кісіден шық! — деген еді. **9** Содан соң Иса одан: — Атың кім? — деп сұрады. Ол жауап қайырып: — Біздің көп болғандығымыздан мені «үлкен топ» деп атайды, — деді **10** және Оған: — Бұл арадан бізді шығарып тастама, — деп көп жалбарынды. **11** Сол жердегі таудың беткейінде үлкен бір қора шошқа жайылып жүрген еді. **12** Жындардың бәрі Исадан: — Бізді шошқалардың арасына жіберсейші, біз олардың ішіне кірейік, — деп өтінді. **13** Иса оларға рұқсат етті. Жындар шығып, шошқалардың ішіне кіріп, екі мыңдай қора тік жағадан көлге қарғып суға батып кетті. **14** Шошқа бақташылары қашып, ол туралы хабарды қала мен ауылдарға жеткізді. Тұрғындары не болғандығын көру үшін шығып, **15** Исаға келгенде, бұрын «үлкен жын тобы» соққан кісінің енді киініп, ақыл-есі кіріп, сол жерде отырғанын көрді де, аң-таң қалып қатты шошынды. **16** Оқиғаны көзімен көрген-дер оларға жын соққан адамға не болғандығын айтып берді, шошқаларға не болғандығын да баяндап берді. **17** Сонда олар Исадан: — Біздің өлкемізден шығып кет, — деп өтіне бастады. **18** Иса қайыққа мінгенде, жындарынан арылған кісі Одан: — Сенімен бірге болайын, — деп өтінді. **19** Бірақ Иса оған рұқсат бермей: — Сен үйіңе қайтып, өзіңнің

жақын-туысқандарыңа Тәңірдің саған не істегенін, Оның саған қылған қайырымын айтып бер, — деді. **20** Ол кісі сол жерден кетіп, Он-Қала деген өлкеде Исаның оған не істегенін хабарлай бастады. Естігендердің бәрі танданып қайран қалды.

## Исаның ауруеа және өлімге деген устемдігі

**21** Иса қайықпен көлдің арғы жағына қайтып өткеннен соң Оның қасына көп халық жиналды. Ол көлдің жағасында болғанда, **22** мәжілісхана басшыларының бірі болған, Иаир атты біреу келді. Ол Исаны көріп, аяғына жығылды да: **23** — Менің қызым өлім үстінде жатыр; Сен барып, оның жазылып тірі қалуы үшін оған қолыңды тигізсейші, — деп өтінді. **24** Иса онымен бірге барды. Оның артынан көптеген халық еріп, Оны сығыстырып жүрді. **25** Сонда он екі жыл бойы қансыраумен ауырған бір әйел бар еді. **26** Ол көп дәрігерден [емделіп] талай азап шеккен және барлық мүлкін жұмсаған болса да, еш сауықпаған, керісінше бұрынғысынан да нашарлады. **27** Ол Иса жайындағы хабарларды естіп, жұрттың арасымен Оған жақындап келді де, Оның киіміне қолын тигізді. **28** Өйткені ол өзіне-өзі: «Оның киіміне ғана қолымды тигізсем, жазыламын» деген еді. **29** Сол сәтте-ақ оның қансырауы тоқтап, ол науқасынан жазылғандығын денесімен сезді. **30** Иса болса, Өзінен бір [сауықтыру] қуатының шыққандығын дереу сезіп, халыққа бұрылып: — Менің киіміме кім қолын тигізді? — деп сұрады. **31** Сонда Оның шәкірттері Оған: — Халықтың Сені сығыстырып келе жатқандығын көріп, Сен Маған кім қолын тигізді деп қалай сұрайсың? — деді. **32** Бірақ Ол, мұны істеген әйелді көру үшін төңірегіне қарады. **33** Өзіне не болғанын білген әйел қорқып қалтырап кетті де, Оның алдына келіп жығылды да, барлық шындықты айтып берді. **34** Иса оған үн қатып: — Қызым, сені сенімің құтқарды. Амандықпен қайта бер, [бұдан былай] дертіңнен сауығасың! — деді. **35** Ол мұны айтып тұрған кезде мәжілісхана басшысының үйінен біреулер келіп: — Қызың өліп қалды. Енді Үстазды неге әурелеп тұрсың? — деді. **36** Бірақ бұл

хабарды естіген Иса дереу мәжілісхана басшысына: — Қорықпа, тек сенімің болсын, — деді. **37** Петрден, Жақыптан және Жақыптың інісі Жоханнан басқа ешкімнің Өзіне еруіне рұқсат етпеді. **38** Олар мәжілісхана басшысының үйіне келгенде, Ол онда дауыс қылып, зар жылап тұрған кісілерді көрді. **39** Иса үйге кіріп, оларға: — Сендер неге дауыс қылып жылап тұрсындар? Қыз өлген жоқ, ұйықтап жатыр ғой, — деді. **40** Олар Оны келеке етті. Бірақ Ол олардың бәрін шығарды да, қыздың әке-шешесін және Өзімен бірге болғандарды қасына ертіп алып, қыз жатқан жерге енді. **41** Оны қолынан ұстап тұрып, оған [өз тілінде]: — Талифа-куми, — деді. (Бұл сөздің аудармасы: Қызым, саған түрегелші деймін.) **42** Он екі жаста болған қыз сол сәтте-ақ түрегеліп жүре бастады. Мұны көріп тұрғандар өте таңданып қайран қалды. **43** Иса оларға бұл жайында басқалардың білуіне тиым салып, қызға тамақ беруді бұйырды.

## Назареттіктердің Исаға сенбеуі

**6:1** Ол жерден шыққаннан соң, Иса Өзінің өскен қаласына келді; шәкірттері де Оған еріп келген еді. **2** [Діни] демалыс күні Иса мәжілісханада үйрете бастады; онда көп кісілер тыңдап таң қалысып: — Бұл [тәлім] Оған қайдан пайда болған? — деп сұрасты. — Ал енді Оған қандай даналық берілген? Соншалық кереметтер Оның қолынан қалай келеді? **3** Ол — балташы, емес пе? Мәриямның ұлы, Жақып, Жосия, Иуда және Шимондардың ағасы, емес пе? Оның қарындастары осы жерде, біздің арамызда тұр ғой, — десіп, [Оны күндеп] Оған ызаланды да сенбей қалды. **4** Бірақ Иса оларға: — Пайғамбар [барлық жерде] құрметтенер, тек өз елінде, туыстарының арасында және өз үйінде құрметсіз болар, — деді. **5** Сол жерде Ол бірнеше ауру кісіге қолын тигізіп сауықтырды, ал одан басқа кереметтерді жасай алмады **6** және олардың сенбеу шіліктеріне таң қалды.

## Исаның он екі елшісіне тапсырма беруі

Сонан соң Ол сол өңірдегі ауылдарды аралап, кісілерді үйретіп жүрді. **7** Он екі елшісін қасына шақырып алып, оларға жындарды шығарып тастауға билік беріп, оларды екі-екіден жібере бастады. **8** Оларға: — Жолға жалғыз таяқтан басқа ештеңе алмаңдар; нан да, дорба да, белдіктеріңнің кіселерінде ақша да болмасын, — деп тапсырып, **9** қарапайым аяқ киім киюлерін және артық киім алмауларын бұйырды. **10** — Бірер жерде қай үйге кірсеңдер, ол жерден кеткенше сол үйде тұрыңдар, — деп сөзін жалғастырды. **11** — Егер бір жерде сендерді қабылдамаса және сендерге құлақ салмаса, сол жерден шығып, оларға куәлік болсын деп аяқтарыңдағы шаң-тозаңды сол жерге қағыңдар! [Сендерге шын айтып тұрмын: қиямет-сот күнінде Содом мен Гомора елінің кінәсы сол қаланың кінәсынан жеңілірек жазаланады.] **12** Олар елге шығып, теріс жолдарынан қайтып Құдайдың жолына түсуді уағыздап жүрді. **13** Көп жындарды адамдардан шығарып тастап, көп ауруларды маймен сылап жазды.

### Жақия пайғамбардың өлтірілуі

**14** Патша Ирод [Иса жайындағы хабарды] естіді, өйткені Оның даңқы жайылып кеткен еді. [Кейбіреулер]: — Бұл — өлімнен қайта тірілген Шомылдырушы Жақия; оның кереметтер жасауы да сондықтан ғой, — десе, **15** басқалар: — Ол — Ілияс, — деді, ал тағы басқалар: — Ол — пайғамбар, [ежелгі] пай амбарларға ұқсаған біреу, — деді. **16** Ирод мұны естіп: — Мен басын кестірген Жақияның өзі өлімнен қайта тіріліпті, — деді. **17** Өйткені осы Ирод е-н бірге туысқан Піліптің жұбайы Иродияданы [онан тартып алып] өзіне әйел етіп, ол үшін кісі жіберіп, Жақияны ұстап алып, байлап абақтыға салған еді. **18** Себебі — Жақия Иродқа: «Туысқаныңның жұбайын тартып, әйел етіп алуың [Киелі] заңға қарсы» деген еді. **19** Иродияда болса, Жақияға кек сақтап жүріп, оны өлтірмекші болатын, бірақ ол оның қолынан келмей жүрді. **20** Өйткені Ирод, Жақияның әділ, киелі адам екендігін білгендіктен онан қорқып, оны

қорғайтын; оны тыңдаған сайын көп нәрсені [оның айтқанынша] істеп жүрді және оны сүйсініп тыңдайтын еді. **21** Бір күні Иродияда үшін бір қолайлы жағдай пайда болды; Ирод өзінің туған күнінде өз үлкендеріне, қолбасшыларына және Галилеяның көрнекті кісілері-не үлкен той жасап берді. **22** Сонда Иродияданың қызы келіп, би билеп Иродтың өзіне де, қонақтарына да өте ұнады. Патша қызға: — Менен не тілесен де, соны сұра, мен тілегеніңді беремін, — деді. **23** Қызға тіпті ант етіп: — Не тілесен де, сұра, патшалығымның жартысы болса да беремін, — деді. **24** Қыз шығып анасына: — Не сұрайын? — деді. Анасы оған: — Шомылдырушы Жақияның басын сұра! — деді. **25** Ол сол бойда-ақ асығып патшаға келіп: — Маған қазір Шомылдырушы Жақияның басын табаққа салып беруінді тілеймін, — деді. **26** Патша өте қайғыланды; алайда ант еткендігінен және өзімен бірге отырған қонақтарының [алдында ұятқа қалмау] үшін қыздың тілегін кері қайтарғысы келмеді. **27** Көп кешікпей бір күзетшісін жіберіп, Жақияның басын әкелуін бұйырды. **28** Ол барып, абақтыда Жақияның басын кесіп табаққа салып әкеліп қызға берді, қыз оны анасына апарып берді. **29** Жақияның шәкірттері мұны естіп келді де, оның сүйегін алып барып қабірге қойды.

### Исаның бес мың адамды тойысызуы

**30** Иса жіберген елшілер [қайтып келіп], қасына жиналып өздерінің барлық істегендері мен үйреткендерін Оған баяндады. **31** Иса оларға: — Сендер жалғыз өздерің Менімен бірге елсіз бір жерге барып, азырақ тынығып алыңдар, — деді. Өйткені келім-кетім өте көп болғандықтан оларға тамақтану үшін де уақыт жетіспеді. **32** Олар жалғыз өздері қайыққа отырып, елсіз бір жерге жүріп кетті. **33** Ал жұрт олардың кетіп бара жатқандығын көріп қалды. Көбі оларды танып, барлық қалалардан жаяу шығып, ол жерге жүгірді де, олардан бұрын жетіп [Оның жанына жиналды]. **34** Иса келіп жағаға шыққанда көптеген халықты көрді де, олардың бақташысыз қойларға ұқсағандығынан оларға жаны ашыды; және оларға көп

нәрсені үйрете бастады. **35** Күн кеш болғанда Оның шәкірттері қасына келіп: — Бұл — бір құлазыған жер, күн де кеш болды. **36** Оларды таратып жіберсейші, төңіректегі ауыл-қыстақтарға барып өздеріне нан сатып алсын, [өйткені олардың жейтін түгі де жоқ,] — деді. **37** Бірақ Иса шәкірттеріне: — Сендер оларға тамақ беріңдер, — деп жауап берді. Шәкірттері Оған: — Екі жүз сомға нан сатып әкеліп, оларды тамақтандырайық па? — деді. **38** Иса оларға: — Сендердің қанша нандарың бар? Барып қараңдар! — деді. Олар Оған: — Бес нан мен екі балық бар, — деді. **39** Содан кейін Ол жұртты көк шөптің үстіне топтопқа бөліп отырғызуды тапсырды. **40** Сонда олар топтарға бөлініп жүзден, елуден болып отырды. **41** Ол бес нан мен екі балықты алып, аспанға қарап тұрып бата берді. Нандарды сындырып жұртқа тарату үшін шәкірттеріне берді, екі балықты да бәріне үлестірді. **42** Бәрі жеп тойды. **43** Нан бөлшектері мен балықтан артылғанын жинап алып, он екі дорба толтырды. **44** Ал нандарды жегендер бес мыңдай ер адам еді.

### Исаның судың устімен журуі

**45** Иса дереу шәкірттеріне, Өзі жұртты тарқатып жібергеніне шейін, қайыққа мініп Өзінен бұрын арғы беттегі Бетсайда жағына өтуін бұйырды. **46** Өзі жұртпен қоштасқаннан соң дұға етуге тауға шықты. **47** Күн кешке айналғанда қайық көлдің ортасына жеткен еді; Иса Өзі құрғақ жерде жалғыз тұрды. **48** Жел алдан соғып жатқандықтан олардың әуреленіп есіп жүргендіктерін көрді. Түннің төртінші күзетінде Иса көлдің үстімен жаяу жүріп олардың қасына барды да, өткенсіп кетті. **49** Олар көлдің үстімен жаяу жүрген Оны байқап қалып, «Бұл — елес!» деп ойлады да, шынғырып жіберді. **50** Өйткені бәрі Оны көріп қатты шошынып қалды. Ал Иса дереу оларға үн қатып: — Жігерленіңдер, бұл Менмін ғой; қорықпаңдар! — деді. **51** Олардың қайығына мінді, сол кезде жел тына қалды. Олар аса таңданып қайран қалысты. **52** Өйткені олар шын көңілмен сенбегендіктен нанмен [байланысты кереметті] жете түсінбеген еді.



## Исаның Генесаретте науқастарды жазуы

**53** Олар көлдің арғы жағасына өтіп, Генесарет қаласының жағалауына келіп тоқтады. **54** Олар қайықтан түсіп жағаға шыққан бойда-ақ [тұрғындар] Оны танып қалды да, **55** бүкіл төңірекке жүгірісіп, Оның тұрған орындарын естіп, науқастарды төсектерімен көтеріп сонда әкеле бастады. **56** Ол қайда келсе де, қай ауылға, қай қалаға, қай қыстаққа барса да, олар науқастарды әкеліп ашық жерге салды және Исадан тек киімінің шетіне ғана қолдарын тигізуге рұқсат сұрады. Қол тигізгендердің бәрі де жазылып кетті.

### Адамдарды арамдайтын — не?

**7:1** Парызшылдар және Иерусалимнен келген кейбір діни мұғалімдер Исаның қасына келіп жиналды. **2** Олар Оның шәкірттерінің бірсыпырасы арам (яғни, жумаған) қолдарымен нан жегендерін көріп, оларды кінәлады. **3** (Өйткені парызшылдар, тіпті иудейлердің бәрі, ата-бабаларынан қалған салт-дәстүрлеріне сай қол жуу ырымдарын орындамастан тамақ ішпейтін. **4** Базардан қайтып келгеннен кейін олар суға түсу ырымын орындамастан асқа отырмайтын да. Сондай-ақ ыдыс-аяқтар, құмыралар, қазандар [мен орындықтарды] суға малып жуу сияқты көп санды өзге дәстүрлі ырымдарын да берік сақтауға өз міндеттеріне алған.) **5** Сондықтан парызшылдар мен діни мұғалімдер Исаға сұрақ қойып: — Сенің шәкірттерің неге ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлерді сақтамай, арам қолдарымен нан жейді? — деді. **6** Иса оларға жауап беріп: — Ишая пайгамбардың екі жүзді сендер туралы апдын ала айтқаны дұрыс: «Осы халық ауыздарымен Мені сыйлап, Бірақ көңілдері түр Менен алыс болып. **7** Адам ойынан шыққан парыздарға үйретіп, Олар тек босқа түр Мені құрметтеп.» **8** Өйткені сендер Құдай бұйырған парыздарды қалдырып, [құмыралар мен ыдыс-аяқтарды жуу сияқты,] адам ойынан шыққан дәстүрлерді сақтап [және басқа да сондай бос істерді көп істеп] жүрсіндер, —

деді. **9** Оларға тағы былай деді: — Өз дәстүрлеріңді сақтау үшін Құдай бұйырған парыздарды бекер қылғандарың жақсы ма? **10** Өйткені Мұса [пайғамбар]: «Сен ата-ананды сыйла!» және де: «Кімде-кім атасын немесе анасын жамандаса, ол өлтірілсін!» деген-ді. **11** Алайда өздерің былай дейсіңдер: Біреу атасына немесе анасына: «Сенің менен пайдаланғаныңды құрбан етемін» (яғни, Құдайдың жолына бағыштап беремін) десе, **12** онда оның өз атасы немесе анасына еш жәрдем бермеуін жақтайсыңдар. **13** Сөйтіп, сендер өздеріңнің дәстүрлеріңмен Құдайдың Сөзін бекер қылдыңдар. Тағы сол сияқты көп істерді істеп жүрсіңдер, — деді. **14** Сонан соң Иса жұрттың бәрін шақырып алып, ^оларға былай деп айтты: — Барлығың тындап түсініп алыңдар: **15** сырттан адамның ішіне кірген еш нәрсе адамды арамдай алмас, адамның өзінен шығатыны адамды арамдайды. **16** [Естуге құлағы бар кісі естісін!] **17** Ол жұрттың қасынан кетіп үйге кіргенде, шәкірт-тері Одан келтірген мысалының мәнін сұрады. **18** Ол оларға: — Әлде сендер де сондай түсініксізсіңдер ме? Сырттан, адамның аузынан кіргеннің бәрінің оны арамдай алмайтындығын түсінбейсіңдер ме? **19** Өйткені ол көңілге емес, қарынға барып, одан сыртқа шығарылады, — деді. Сонымен Ол эрқандай асты адал деп түсіндірді. **20** Және Ол тағы сөйлеп: — Адамның көңілінен шыққандары адамды арамдайды. **21** Өйткені іштен — адамның көңілінен мыналар шығады: жамандықты ойлау, неке адалдығын бұзу, нәпсіқұмар болу, кісі өлтіру, **22** үрлық істеу, ашкөздік, қастық, зұлымдық, азғындық, күншілдік, [Құдайды] қорлау, тәкаппарлық, алаңғасарлық. **23** Осындай жамандықтардың бәрі іштен шығып, адамды арамдайды, — деді.

## Шетелдік әйелдің сенімі

**24** Сонан кейін Иса сол маңайдан шығып, Тир [мен Сидон] өлкесіне барды. Ешкімге Өзін танытқысы келмей, бір үйге кірді. Алайда Ол жасырына алмады. **25-26** Өйткені Оның келгендігін естіген бір әйел келіп, Исаның аяғына жығылды. Ол әйел иудей халқынан емес,

[бүтқа табынатын] Сирофиникия елінен еді. Ал оның жын соққан қызы болатын. Әйел Исадан, қызының жынын шығарып тастауын жалынып өтінді. **27** Ал Иса оған: — Ең алдымен балаларды тойындыру керек; балалардың нанын алып иттерге тастау дұрыс емес, — деді. **28** Әйел: — Қожа, иә, солай ғой. Ал иттер де үстел астында балалардан қалған нан киқымдарын жейді ғой, — деді. **29** Сонда Иса оған: — Осы сөзің [жақсы, сол] үшін үйіңе қайтып бар; жын қызыңнан шығып кетті, — деді. **30** Әйел үйіне қайтып келгенде қызының жыннан арылып, төсекте тынығып жатқандығын көрді.

### Саңырау, тілі мүкіс кісінің сауықтырылуы

**31** Содан соң Иса Тир мен Сидон өлкесінен қайтып келіп, Ғалилея көліне, Он-Қала өлкесінің ортасына барды. **32** Сонда Оған бір саңырау, тілі мүкіс кісіні әкеліп Онан, оның үстіне қолын қойып, [оны сауықтыруды] өтінді. **33** Иса оны жұрттан шеткерек шығарып, оның екі құлағына өз саусақтарын тықты. Сонсоң жерге түкірді де, өз қолын кісінің тіліне тигізді. **34** Аспанға қарады да, күрсініп кісіге [өз тілінде]: — Еффата! — деп айтты. (Мұның аудармасы — «Ашыл!») **35** Сол сәтте-ақ құлақтары ашылып, тілінің байлануы шешіліп, сол кісі жай адамдай сөйлей бастады. **36** Иса оларға бұл жайында ешкімге айтпауларын тапсырды. Бірақ Ол қаншама қатты тыйым салса да, олар хабарды кеңінен тарата бастады. **37** Және өте таңданысып: — Ол бәрін тамаша жақсы етіп тұр: тіпті саңырауларды еститін, мылқауларды сөйлейтін қылады! — деп қайран қалысты.

### Исаның төрт мың адамды тойеыза тамақтандыруы

**8:1** Сол күндері тағы көптеген жұрт жиналып, олардың жейтін ешқандай азықтары болмады. Иса шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға: **2** — Жұртқа жаным ашыды. Олар енді үш күннен бері қасымда болып, жейтін ешқандай азықтары қалмады. **3** Егер оларды

аш күйінде үйлеріне жіберсем, олар жолда элсіреп қалар; олардың бірсыпырасы алыс жерден келгендер ғой, — деді. **4** Шәкірттері: — Мына елсіз далада оларды тойғызарлық нан қайдан табылады? — деп Оған жауап берді. **5** Ол: — Неше нандарың бар? — деп сұрады. Олар: — Жетеу, — деді. **6** Сонда Ол жұртқа жерге отыруды бұйырды. Жеті нанды алып, Құдайға шүкірлік етті; оларды кісілерге тарату үшін бөлшектеп, шәкірттеріне берді, олар жұртқа үлестіріп берді. **7** Олардың бірнеше шабақ балықтары да бар еді. Ол бата беріп, оларды да жұртқа үлестіртті. **8** Жұрт жеп тойды. Артылған бөлшектерді жинап алып, жеті дорба толтырды. **9** Ал жеген адамдардын саны төрт мыңдай еді. Содан соң Ол жұртты тарқатып жіберіп, **10** Өзі шәкірттерімен бірге кешікпей каяыққа мінді.

### Исаны Құдай жібергендігін дәлелдейтін бір керемет туралы талап

Олар Далманута ауданына келді. **11** Сонда парызшылдар қарсы шығып, Онымен айтыса бастады. Аспаннан болған бір кереметті көрсет деп талап етіп, Оны сынамақшы болды. **12** Иса терең күрсініп, оларға: — Бұл ұрпақ керемет көрсетуімді неге талап етеді? Сендерге шын айтып тұрмын: бұл ұрпаққа ешқандай керемет көрсетілмейді, — деді. **13** Сонан соң оларды тастап қайыққа қайтадан отырды да, көлдің арғы бетіне жүріп кетті.

### Жалған ілімдерден сақтаныңдар, Исаның қудіретті кушіне сеніңдер

**14** Шәкірттері нан алуды ұмытып кеткен еді, қайықта өздерінің жанында бір ғана нан бар еді. **15** Ал Иса оларға: — Абайлаңдар, парызшылдардың және Иродтың ашытқыларынан сақтаныңдар! — деп ескертті. **16** Олар өзара ақылдасып: — Бұл, нанымыздың жоқтығын айтқаны ғой, — десті. **17** Иса мұны біле қойды да, оларға: — Сендер нанымыз жоқ деп неге ақылдасып отырсыңдар? Әлі де [істегенімді] аңғармайсыңдар ма, [мәнісін] түсінбейсіңдер ме? Әлі де қиқарланып сенбейсіңдер ме? **18** Көздерің бар болып көрмейсіңдер

ме? Құлақтарың бар болып естімейсіңдер ме? Мыналарды ескермедіңдер ме: **19** Мен бес нанды бес мың кісіге бөліп бергенімде, артылған бөлшектерді жинап алып қанша дорба толтырдыңдар? — деді. Олар Оған: — Он екі, — деді. **20** — Мен жеті нанды да төрт мың кісіге бөліп бергенімде, артылған бөлшектерді жинап алып қанша дорба толтырдыңдар? — Олар: — Жетеу, — деді. **21** Сонда Иса: — Әлі де түсінбедіңдер ме? — деп сұрады.

### Соқыр кісінің жазылуы

**22** Олар Бетсайда қаласына келді. [Ондағылар] Исаға бір соқыр кісіні әкеліп, оған қолын тигізуін өтінді. **23** Иса соқырды қолынан ұстап, ауылдан жетелеп шықты да, көзіне түкіріп, басына қолын қойып: — Көзің бірдеме көре ме? — деп сұрады. **24** Ол қарап тұрып: — Жүріп бара жатқан кісілерді көріп тұрмын, олар ағаштар сияқты көрінеді, — деді. **25** Сонан соң Иса тағы да көзіне қолын тигізіп: — Қара, — деді. Көздері ашылып, бәрін анық көрді. **26** Иса оны үйіне қайтарып жіберіп: — Мына ауылға кірме, [ауылдан келген ешкімге де жазылғаныңды айтып берме,] — деді.

### Иса — шынында Кім?

**27** Содан кейін Иса шәкірттерімен бірге Піліп-Кесариясы деген қаланың аймағындағы ауылдарға кетті. Жолда Ол шәкірттерінен: — Адамдар Мені кім деп айтады екен? — деп сұрады. **28** Олар Оған жауап беріп: — [Кейбіреулері] Шомылдырушы Жақия, кейбіреулері Ілияс [пайғамбар], ал енді кейбіреулері [өзге ежелде өмір сүріп, қайта тірілген] пайғамбарлардың бірі деседі, — деді. **29** Иса олардан: — Ал сендер Мені кім деп айтасыңдар? — деп сұрады. Петр Оған жауап беріп: — Сен — Христоссың, — деді. **30** Ал Иса оларға Өзінің Сол екендігін ешкімге де айтпауларын қатты ескертті.

### Исаның Өзінің өліп, тірілетіндігін алдын ала білдіруі

**31** Сонда Ол оларға [Өзі туралы] үйрете бастап: — Адам Ұлының көп азап шегуі, бастықтар, бас діни қызметкерлер және діни мұғалімдер жағынан қабылданбай тасталып, өлтірілуі, бірақ үшінші күні қайта тірілуі тиісті болады, — деді. **32** Бұл сөздерін Ол ашық сөйлеген еді. Ал Петр болса, Оны шетке шақырып алып, қарсы сөйлей бастады. **33** Иса бұрылып, шәкірттеріне қара-ды да, Петрге тыйым салып: — Менен аулақ кет, шайтан! Өйткені сен Құдайдың мұратын емес, адамның тілегін ойлап тұрсың, — деді.

### Өз еркінше өмір сүруді тастап, Исаға еру

**34** Халықты және Өзінің шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға былай деп айтты: — Кім Маған [шәкірт болып] ергісі келсе, ол өздігінен танып [өз еркінше өмір сүруді тастасын да], өз айқыш ағашын көтеріп алып [азаптанып өлтірілуге дайын болып], Менің соңыма ілессін. **35** Өйткені кім жанымды сақтаймын десе, оны [мәңгі] жоғалтады; ал кім Маған және Ізгі хабарға бола жанын жоғалтса, оны [мәңгі] сақтайды. **36** Адам бүкіл дүниені иемденіп алып, өз жанын берсе, оған одан не пайда? **37** Яки, адам өз жанының құнын беріп, оны босата ала ма? **38** Мұны біліндер: осы опасыз, күнәкар ұрпақ арасында кім Менен және Менің сөздерімнен намыстанса, Адам Ұлы да, өз Әкесінің салтанатты ұлылығында киелі періштелермен бірге келген кезінде одан намыстанады, — деді.

### Шәкірттерінің Исаның патшалық салтанаттылығын көруі

**9:1** Иса оларға: — Сендерге шын айтып тұрмын: осында тұрғандардың бірсыпырасы Құдайдың Патшалығының күдіретпен [бұл дүниеге] келуін көрместен бұрын өлмейді, — деді. **2** Бұдан алты күннен кейін Иса Петр, Жакып, Жохандарды қасына алып, бір биік таудың басына соларды ғана ертіп шықты. Сонда олардың алдында Оның түрі өзгерді; **3** Оның киімдері де жарқырап тұрып,

дүниеде ешбір ағартқыш ағарта алмайтындай, [қардай] аппақ болды.

**4** Сол сәтте оларға [ежелде өмір сүрген] Ілияс пен Мұса [пайғамбарлар] көрініп, Исамен сөйлесіп тұрды. **5** Сонда Петр Исаға: — Үстаз, біздің бұл жерде болғанымыз жақсы болды. Ал біз үш пана кұрайық, біреуін Саған, біреуін Мұсаға, біреуін Ілиясқа, — деді. **6** (Өйткені ол не айтарын білмеді; себебі, олар қатты шошынған еді.) **7** Сол кезде бір бұлт келіп, оларға көлеңкесін түсірді. Бұлттан: — Бұл — Менің сүйікті Ұлым; Оған құлақ салың-дар! — деген дауыс естілді. **8** Олар кенеттен жанжағына қарап, қастарында Исаның Өзінен басқа еш-кімді көрмеді. **9** Ал олар таудан түсіп бара жатқанда Иса оларға, Адам Ұлы өлімнен қайта тірілгенше олар бұл көргендерін ешкімге де айтпауларын қатты ескертті. **10** Олар бұл сөзді естеріне сақтап, өлімнен кейін қайта тірілу дегеннің мәнін бір-бірінен сұрасты. **11** Және Исадан: — Діни мұғалімдердің, алдымен Ілияс келуге тиіс деулері қалай? — деп сұрады. **12** Ол оларға: — [Ол дұрыс,] Ілияс алдымен келіп, бәрін қалпына келтіреді. Адам Ұлы да [Киелі кітапта] жазылғандай көп азап шегіп, қорлануға тиіс. **13** Ал Менің сендерге айтатыным: Ілияс келген еді, бірақ ол туралы [Киелі кітапта] жазылғандай, олар оған өздерінің қалағандары бойынша істеді, — деп жауап берді.

### Жын соққан баланың жынынан арылуы

**14** Олар басқа шәкірттерінің қасына келгенде, олардың жандарында жиналған көптеген халықты және олармен айтысып тұрған діни мұғалімдерді көрді. **15** Халық Оның келгенін көре салып таң қалысты да, қарсы алдына жүгірісіп келіп сәлем берісті. **16** Ол [діни мұғалімдерден]: — Бұлармен не туралы айтысып тұрсындар? — деп сұрады. **17** Халық арасынан бір кісі жауап қайтарып: — Үстаз, мен Саған өзімнің жын соққан, мылқау ұлымды алып келген едім. **18** Жын оны қайда ұстаса, сол жерде жығады; оның аузынан көбік шығып, тістерін шықырлатып, сіресіп қатып қалады. Мен Сенің шәкірттеріңнен жынды шығарып тастауларын өтінген едім, бірақ

олардың қолдарынан келмеді, — деді. **19** Иса оларға жауап қайырып: — Эй, сенбейтін ұрпақ-ай! Қашанға дейін сендермен бірге боламын? Қашанға дейін сендерге төземін? Оны Маған алып келіңдер, — деді. **20** Баланы Оның алдына алып келді. Исаны көрген бойда-ақ жындар баланы қалтыратты; жерге құлап, аузынан көбігі шығып төңбекші берді. **21** Иса оның әкесінен: — Қашаннан бері оған бұндай болды? — деп сұрады. Әкесі: — Бала кезінен бері, — деді. **22** — Жындар оны өлтірмекші болып, әлденеше рет отқа да, суға да салды. Ал, бізді аяп, бізге жәрдем ете гөр, егерде қолыңнан келсе. — **23** Иса оған: — Егерде [сену] қолыңнан келсе: [Құдайға] сенген кісіге бәрі де мүмкін ғой, — деді. **24** Сол сәтте баланың әкесі [жылап]: — Қожа, мен сенемін; бірақ [шын] сенуіме тағы да жәрдем ете гөр, — деп айқайлады. **25** Иса халықтың жүгірісіп жиналғандығын көріп, жында: — Саңырау, мылқау жындар! Мен саған, бұл баладан шығып кетіп, оған ешқашан қайтып жоламауыңды бұйырамын, — деп тыйым салды. **26** Жындар шыңғырып, оны қатты қалтыратты да, одан шығып кетті. Бала өлген кісідей сұлық жатты, сондықтан жұрттың көбі: — Мә, ол өліп қалды, — десті. **27** Бірақ Иса оны қолынан ұстап тұрғызды да, ол орнынан тұрды. **28** Иса үйге келгеннен кейін, шәкірттері оңашада Одан: — Біз оны неліктен шығарып тастай алмадық? — деп сұрады. **29** Ол оларға: — Жындардың бұндай түрін тек дұға ету [мен ораза ұстау] арқылы ғана шығарып тастауға болады, — деді.

### Исаның Өзінің өліп, тірілетіндігін қайтадан білдіруі

**30** Олар сол жерден шығып, Ғалилея арқылы жол шекті. Иса мұны ешкімге білдіргісі келмеді, **31** өйткені Ол өз шәкірттерін үйретіп жүрді. Оларға: — Адам Ұлы адамдардың қолына ұстап беріліп, олар Оны өлтіреді; өлтірілгеннен кейінгі үшінші күні Ол қайта тіріледі, — деді. **32** Бірақ олар бұл сөздің мәнін түсіне алмады, ал Оған сұрауға батылы бармады.



## Ең үлкені — кім?

**33** Сонымен олар Қапарнаум қаласына келіп жетті. Бір үйде Ол: — Сендер жолда өзара не жайында сөйлестіңдер? — деп сұрады. **34** Олар үн қатпады, өйткені олар жолда келе жатқанда өзара: — Арамызда кім үлкен болар екенбіз, — деп айтысқан еді. **35** Отырған Ол он екі шәкіртін шақырып алып: — Кім бірінші болғысы келсе, сол бәрінің ең соңғысы болсын, бәрінің де қызметшісі болсын, — деді. **36** Бір баланы алып, олардың ортасына қойып, күшақтап: **37** — Кім осындай бір баланы Менің атымнан қарсы алса, ол Мені қарсы алған болады. Кім Мені қарсы алса, Мені емес, Мені Жібергенді қарсы алған болады, — деді. **38** Сонда Жохан: — Ұстаз, біз Сенің атыңмен жындарды шығарып тастаған, бірақ бізге еріп жүрмеген біреуді көрдік. Бізге ермегендіктен біз Оған тыйым салдық, — деді. **39** Иса оларға: — Оған тыйым салмаңдар! Өйткені Менің атыммен керемет істеген біреу жақын арада Мені жамандай алмас. **40** Сендерге қарсы болмаған кісілер сендерге жақтас қой. **41** Сендерге шын айтып тұрмын: кім сендерге, Христостың шәкірттері болғандарың үшін бір тостаған су ішкізсе, ол сыйлықсыз құр қалмас. **42** Ал кім Маған сенетін осы кішкенелердің біреуін теріс жолға азғырса, оның мойнына диірмен тасы байланып, ол теңізге тасталса, оған жақсырақ болар еді. **43** Егер сенің қолың сені азғырса, оны кесіп таста. Екі қолмен тозаққа — сөнбес отқа түскеніңнен гөрі сыңар қолмен [мәңгілік] өмірге кіргенің жақсырақ болар ғой. **44** [Тозақта оларды [кеміретін] құрт өлмейді де, от та сөнбейді.] **45** Егер сенің аяғың сені азғырса оны шауып таста. Екі аяғыңмен тозаққа — сөнбес отқа тасталғаныңнан гөрі ақсақ болып мәңгілік өмірге кіргенің жақсырақ болар ғой. **46** [Тозақта оларды [кеміретін] құрт өлмейді де, от та сөнбейді.] **47** Егер сенің көзің сені азғырса, оны ойып таста. Екі көзіңмен тозақ отына тасталғаннан гөрі сыңар көзбен Құдайдың Патшалығына кіру саған жақсы болар ғой. **48** Тозақта оларды [кеміретін] құрт өлмейді де, от та сөнбейді. **49** Өйткені әрбір кісі отпен тұздалынады, [Құдайға арналған әрбір

сыйлық та түзбен түздалынады]. **50** Түз — пайдалы нәрсе. Ал егер түз өз дәмін және [бұзылудан сақтау] қуатын жоғалтса, оны немен түзды қыласындар? Өздерінде түз болсын: өзара татуласып өмір сүріндер! — деді.

### Әйелімен ажырасу жөніндегі сурақ

**10:1** Иса сол жерден кетіп, Иудея өлкесіне және Иорданның арғы бетіне келді. Тағы да Оның қасына халық жиналып, Ол өз әдетінше оларды үйретіп отырды. **2** Ал парызшылдар келіп, Оны сынамақшы болып Оған: — Еркекке өзінің әйелімен ажырасуға [Киелі заңда] рұқсат берілген бе? — деп сұрақ қойды. **3** Ол жауап беріп: — Мұса [пайғамбар] сендерге не бұйырған? — деді. **4** Олар: — Мұса талақ хат жазып, әйелмен ажырасуға рұқсат берген ғой, — деді. **5** Иса жауап қайырып: — Ол, сендердің [Құдайдың Сөзіне деген] қиқарлықтарыңа бола бұл бұйрықты жазған. **6** Алайда жаратылыстың басында Құдай адамдарды еркек пен әйел қылып жаратқан. **7** «Сол үшін еркек ата-анасын қалдырып, **8** Өз әйеліне қосылады, Және екеуі бір дене болады.» Сөйтіп, олар енді екеу емес, ал — бір дене. **9** Солай болғандықтан, Құдай қосқандарды адам баласы ажыратпасын, — деді. **10** Үйде отырғанда шәкірттері Исаға бұл сөз турасында тағы сұрақ қойды. **11** Ол оларға: — Кім өз әйелімен ажырасып басқа әйел алса, әйелімен болған некесінің адалдығын бұзады. **12** Бір әйел өз күйеуінен ажырасып басқа еркекке тисе, онда ол да неке адалдығын бұзады, — деді.

### Исаның жас балаларға батасын беруі

**13** Кісілер, оларға қолын тигізсін деп Исаға балаларын әкелді, бірақ шәкірттері оларға тыйым салды. **14** Мұны байқаған Иса оларға ренжи сөйлеп: — Балалардың Маған келуіне рұқсат беріңдер, оларға кедергі жасамаңдар, Құдайдың Патшалығы сондайлардікі ғой. **15** Сендерге шын айтып тұрмын: Кім Құдайдың Патшалығын

бала сияқты қабылдамаса, ол оған кіре алмас! — деді. **16** Балаларды кұшақтап, бастарына колын қойып, оларға батасын берді.

## Байлық және шын өмір

**17** Иса жолға шыққанда, алдынан бір кісі жүгіріп келіп, Оған тізесін бүгіп: — Ізгі Үстаз! Мәңгілік өмірді мұра ету үшін не істеуім керек? — деп сұрады. **18** Иса оған: — Сен Мені неге ізгі деп атайсың? Құдайдан басқа ешкім де ізгі емес. **19** Сен парыздарды білесің ғой, олар: «Неке адалдығын бұзба, кісі өлтірме, ұрлық істеме, жалған айтпа, ешкімді жәбірлеме, ата-анаңды сыйла!» деген, — деді. **20** Адам Исаға жауап беріп: — Үстаз, бұлардың бәрін мен жас кезімнен бері сақтап келгенмін, — деді. **21** Иса оған қарап, сүйіспендікпен: — Сенің тағы бір жеткіліксіздігің бар. Барып, иелігіңде не болса барлығын сат та, [ақшасын] жарлыларға үлестіріп бер; сонда сенің байлығың аспанда болады. Содан кейін қайтып келіп, [азаптанып өлтірілуге дайын болып, өз айқыш ағашыңды көтеріп алып] Маған ілесіп жүр, — деді. **22** Бұл сөздерді естіген адам сасып, қайғыланып сол жерден кетті. Өйткені оның байлығы мол еді. **23** Ал Иса төңірегіне қарап, шәкірттеріне: — Байлардың Құдайдың Патшалығына кіруі қалай да қиын! — деді. **24** Оның сөзіне шәкірттері аң-таң қалысты. Бірақ Иса жауап беріп тағы да оларға: — Балаларым! Байлықтарына сенгендердің Құдайдың Патшалығына кіруі қалай да қиын! **25** Байдың Құдайдың Патшалығына кіруінен гөрі түйенің ине көзінен өтуі оңай, — деді. **26** Олар өте таң қалысып: — Ендеше, кім құтқарыла алады? — деп өзара сөйлесті. **27** Иса оларға қарап: — Адам баласы үшін бұл мүмкін емес, бірақ Құдай үшін мүмкін. Өйткені Құдай үшін барлығы да мүмкін, — деді. **28** Сонда Петр Оған сөйлей бастап: — Мінеки, біз бәрін тастап, Сенің соңыңнан еріп жүрдік, — деді. **29** Иса жауап беріп: — Сендерге шын айтып тұрмын: Маған және Ізгі хабарға бола өз үйін, я аға-інісін, я апа-қарындасын, я ата-анасын, я әйелін, я балаларын, я жер-суларын тастап шыққан әркім **30** қазір, осы заманда жүз есе артығымен

үйлерін де, аға-інілерін де, апа-қарындастарын да, ата-аналарын да, балаларын да, жер-суларын да алады, бірақ кісілерден сүргінделеді, ал келешек заманда мәңгі өмір сүреді. **31** Алайда біріншілердің көбі соңғылар, соңғылардың көбі біріншілер болады, — деді.

### Исаның Өзінің өліп, тірілетіндігін үшінші рет білдіруі

**32** Олар Иерусалимге өрлейтін жолда бара жатқанда, Иса шәкірттерінің алдында жүрді; ал олар таңырқасып Оның соңынан еріп, зэрелері үшып келе жатты. Ол он екі [елшісін] шақырып алып, Өзінің басына не келетіндігін тағы да оларға айта бастады: **33** — Біз енді Иерусалимге өрлеп бара жатырмыз. Сонда Адам Ұлын бас діни қызметкерлер мен діни мұғалімдерге сатып жібереді. Олар Оған өлім жазасын бұйырып, Оны бұтқа табынушыларға ұстап береді. **34** Солар Оны келекелейді, қамшымен сабайды, бетіне түкіреді, ақырында өлтіреді. Ол бірақ үшінші күні қайта тіріледі, — деді.

### Ең маңыздысы — билеу емес, ңызмет ету

**35** Сонда Зебедейдің балалары Жақып пен Жохан Исаның қасына келіп: — Ұстаз, біз Сенен не сұрасақ, соны істеп беруіңді өтінеміз! — деді. **36** Иса оларға: — Сендер Менен не істеп беруімді тілейсіңдер? — деді. **37** Олар Оған: — Сен ұлылыққа шыққан кезінде біріміз оң жағыңа, біріміз сол жағыңа отыруымызға рұқсат етсеңші, — деді. **38** Ал Иса оларға: — Сендер не сұрап тұрғандарыңцы білмейсіңдер. Сендер Менің [азапқа толған] тостағанымнан іше аласыңдар ма? Немесе Менің шомылдырылатынымдай шомылдырыла аласыңдар ма? — деді. **39** Олар: — Олай ете аламыз, — деді. Иса оларға: — Менің тостағанымнан ішесіңдер. Менің шомылдырылатынымдай шомылдырыласыңдар. **40** Бірақ Өзімнің оң жағым мен сол жағыма отырғызу Менің өз еркімде емес. Бірақ [аспандағы Экем] кімдерге арнаған болса, солар отырады, — деді. **41** Мұны естіген [өзге] он

[елшісі] Жақып пен Жоханға ызалана бастады. **42** Иса оларды қасына шақырып алып, оларға былай деді: — Халықтарға төрелері үстемдік етіп, мырзалары да билік жүргізетінін білесіңдер ғой. **43** Бірақ сендердің араларыңда олай болмасын. Қайсыларың үлкен болғың келсе, ол сендерге қызметші болсын; **44** қайсыларың бірінші болғың келсе, ол бәріңе күл болсын. **45** Өйткені Адам Ұлы Өзіне қызмет еттіруге келмеді, керісінше — Өзі қызмет етуге және көптеген адамдардың бостандық төлемін төлеуге өз жанын беруге келді, — деді.

### Соқыр Бартимейдің көздері ашылып, Исаның соңынан еруі

**46** Олар Иерихон қаласына келді; Ол шәкірттері және көп халықпен бірге Иерихоннан шығып бара жатқанда, Тимейдің баласы — соқыр Бартимей жолдың жағасында қайыр сұрап отыр еді. **47** Ол, бұл келе жатқан назареттік Иса екендігін естіп: — Эй Дәуідтің ұрпағы Иса! Маған қайырым қыла гөр! — деп айқайлай бастады. **48** Көп кісілер оған үн шығармауды бұйырды; ол бырақ одан да қатты айқайлап: — Эй Дәуідтің ұрпағы! Маған қайырым қыла гөр! — деді. **49** Иса тоқтап: — Оны шақырып алып келіндер! — деп бұйырды. Олар соқырға: — Қорықпа, орныңнан түр! Ол сені қасына шақырып түр, — деді. **50** Ол шапанын шешіп тастап, түрегеліп, Исаның жанына келді. **51** Иса одан: — Менен не істеп беруімді тілейсің? — деп сұрады. Соқыр кісі: — Үстаз, менің көре алуымды, — деді. **52** Иса: — Бара бер, сені сенімің құтқарды, — деді. Тап сол сәтте оның көзі ашылып коре бастады. Ол Исаның соңынан еріп жолға түсті.

### Исаның салтанатпен Иерусалимге кіруі

**11:1** Олар Иерусалимге жақындап, Зәйтүн тауының беткейіндегі Бетфаге мен Бетания деген ауылдарға келгенде, Иса шәкірттерінің екеуін жұмсап, **2** оларға: — Қарсы алдарындағы ауылға барындар. Оған енген бойда-ақ сендер ешкім мінбеген, байлаулы тұрған бір

жас есекті табасындар. Оны шешіп алып келіндер. **3** Егер біреу сендерге «Бұл не қылғандарың?» десе, сендер «Бұл Қожамызға керек болды, Ол оны кешікпей кері қайтарып жібереді» деп жауап беріндер, — деді. **4** Олар барып, көшеде бір үйдің қақпасына байлаулы тұрған жас есекті тапты да, шылбырын шешті. **5** Сол жерде тұрған кісілердің кейбіреулері: — Эй, сендер есекті шешіп не қыласындар? — деп сұрады. **6** Олар Исаның айтқанындай жауап берді, сонда кісілер олардың кетулеріне рұқсат берді. **7** Олар жас есекті Исаға алып келді де, шапандарын үстіне салды; Иса мініп алды. **8** Көптеген кісілер өз шапандарын шешіп жолға төсесе, басқалары ағаштардан бұтақ кесіп алып жолға төседі. **9** Алды-артынан еріп жүргендер айқайласып: — «Амандық! Тәңірдің атынан Келуші жарылқанған!» **10** — Атамыз Дәуідтің [Тәңірдің атынан] келетін патшалығы жарылқанған! — «Аспандағы Тәңір мадақталсын!» — десті. **11** Иса Иерусалимге келіп ғибадатханаға кірді. Онда бәрін қарап көрген Ол кеш болғандықтан сыртқа шығып, он екі [шәкіртін] ертіп Бетанияға барды.

### Жеміссіз тұрған інжір ағашы

**12** Келесі күні Бетаниядан шыққанда Ол ашықты. **13** Және алыста тұрған жапырақты бір інжір ағашын көріп, онда бірдеме табылар деп қасына барды. Бірақ та інжір ағашының жеміс беретін мерзімі болмағандықтан, жапырақтарынан басқа ештеңе таппады. **14** Сонда Иса оған: — Бұдан былай мәңгі сенен ешкім де жеміс жемесін, — деді. Бұл сөзді шәкірттері де естіді.

### Исаның ғибадатхананы тазалауы; дін басылардың Исаны құрту туралы кеңесулері

**15** Олар Иерусалимге келді. Иса ғибадатханаға кіріп, ондағы сатушылар мен алушыларды қуа бастап, ақша алмастырушылардың үстелдерін және көгершін сатушылардың орындықтарын аударып

тастады. **16** Жүк көтеріп жүрген әркімнің ғибадатхана [алаңы] арқылы өтуіне тыйым салып, **17** кісілерді үйретіп: — «Менің үйім, барлық халықтар үшін дұға ететін үй деп аталсын» деп [Киелі кітапта] жазылған емес пе? Ал сендер оны қарақшылардың ордасына айналдырдыңдар! — деді. **18** Мұны діни мұғалімд\_\_ мен бас діни қызметкерлер естіп, Оны құрту жолын іздестіре бастады. Себебі, бүкіл халық Оның үйретуіне таң қалып жүргендіктен, олар Одан қорқып жүрді. **19** Күн кеш болғанда, Иса қаладан шығып кетті.

### Қурап қалған інжір ағашы; кім сенсе, кереметтерді көреді

**20** Таңертең олар інжір ағашының жанынан өткенде, сол ағаштың тамырына дейін қурап қалғандығын көрді. **21** Уақиға есіне түскен Петр Исаға: — Үстаз, қарашы, Сен қарғаған інжір ағашы қурап қалыпты ғой! — деді. **22** Иса оларға жауап беріп: **23** — Құдайға [шын көңілдеріңмен] сеніндер! Өйткені сендерге шын айтып тұрмын: егер біреу мына тауға «Орныңнан көтеріліп теңізге тастал!» десе және өз айтқанының орындалатындығына көңілінде күдіктенбей сенсе, оның айтқанының бәрі орындалады. **24** Сондықтан сендерге айтатыным: дұғаларыңда не тілесендер де, оны [Құдайдан] алдық деп сеніндер, сонда [Ол] оны сендерге береді. **25** Ал сендер дұға етіп тұрғандарыңда біреуге өкпелерің болса, оны кешіріңдер, сонда аспандағы Әкелерің де сендердің күнәларыңды кешіреді. **26** Ал егер сендер кешірмесендер, аспандағы Әкелерің де сендердің күнәларыңды кешірмес, — деді.

### Исаның билігі

**27** Олар қайтадан Иерусалимге кірді. Ол ғибадатханада жүргенде Оған бас діни қызметкерлер, діни мұғалімдер және бастықтар келіп, **28** Оная: — Бұл істерді Сен қандай билікпен істеп жүрсің, және бұл істерді істеуге Саған кім билік берген? — деп сұрады. **29** Иса оларға жауап қайырып: — Мен де сендерден бір нәрсені сұрайын, Маған

жауап беріндерші; содан соң Мен де сендерге бұл істерді қандай билікпен істейтінімді айтып беремін. **30** Жақияның кісілерді шомылдыруы аспаннан ба, я адамдардан ба еді? Маған жауап беріндер, — деді. **31** Олар өзара ақылдасып: — Егер «аспаннан» десек, Ол «Онда сендер оған неге сенбедіндер?» деп айтар. **32** Бірақ «адамдардан» дейік пе? Бәрі Жақияны шын пайғамбар деп санағандықтан олар халықтан қорыққан еді. **33** Сондықтан Исаға: — Оны білмейміз, — деп жауап берді. Сонда Иса оларға: — Олай болса, Мен де сендерге бұл істерді қандай билікпен істейтінімді айтып бермеймін, — деді.

## Жауыз жүзімшілер

**12:1** Сонда Иса оларға мысалдап былай дей бастады: — Бір кісі жүзім бағын егіп, оны дуалмен қоршап алды да, жүзім шырынын сығуға арналған шұңқыр қазып, күзет мұнарасын орнатты. Сонсоң бағын жүзімшілерге жалға беріп, өзі басқа жаққа кетті. **2** Мерзімі келгенде ол бағының жемісінен [тиісті үлесін] алу үшін жүзімшілерге бір қызметшісін жіберді. **3** Бірақ олар оны ұстап алып сабады да, ештеңе берместен қайтарып жіберді. **4** Ол оларға тағы бір қызметшісін жіберді. Олар оның басын таспен жаралап оны қорлап жіберді. **5** Бұдан кейін тағы да бір қызметшісін жіберді, олар оны өлтірді; басқа жіберген көптеген қызметшілердің кейбіреулерін сабап, кейбіреулерін өлтірді. **6** Ал оның қасында сүйікті жалғыз ұлы бар еді; ақырында ол «олар баламнан ұялар» деп, оны да оларға жіберді. **7** Бірақ жүзімшілер бір-біріне: «Бұл — мұрагер ғой; кэне, жүріндер, оны өлтірейік, сонда оның мұрасы біздікі болады» десті. **8** Оны ұстап алып өлтірді де, жүзім бағынан шығарып тастады. **9** Енді жүзім бағының иесі не қылады? Келіп ол жүзімшілерді өлтіреді де, жүзім бағын басқаларға жалға береді. **10** Сендер [Киелі] кітапта мынаны әрине оқығансыңдар: «Күрылысшылар жарамсыз деп Шығарып тастаған Тас Бұрыштың негізгі тасы болған. **11** Бұл Тәңірден солай болған: Көз алдымызда бір керемет!» **12** Исаның бұл



мысалды өздері турасында айтқанын түсінген [дін басылары] Оны ұстап алуға тырысты, бірақ халықтан қорықты; және Оны тастап жөндеріне кетті.

### Шетелдік патшаға салық төлеу дұрыс па?

**13** Содан кейін олар Оны сөзінен сүріндіріп ұстау үшін Оған парызшылдардың және Иродтың кісілерінің бірсыпырасын жіберді.

**14** Олар Оған келіп: — Ұстаз, біз Сенің әділ болып, біреуге жағыну ниетінен аулақ екендігіңді білеміз. Сен ешкімнің бетіне қарамай, расында да Құдайдың жолын үйретіп жатырсың ғой. Ал [шетелдік] патшаға салық төлеу [Құдайдың] заңына сай ма, әлде емес пе? Төлейік пе, әлде төлемейік пе? — деді.

**15** Бірақ Иса олардың екі жүзділігін біліп, оларға: — Сендер Мені неге сынап тұрсыңдар? Маған бір теңгені әкеліндер, Мен оны көрейін, — деді. **16** Олар біреуін әкеліп берді. Ол: — Бұл [теңгедегі] сурет пен ат кімдікі? — деп сұрады. Олар: — Патшанікі, — деді. **17** Иса оларға: — Ендеше, сендер патшанікін патшаға, Құдайдікін Құдайға беріңдер, — деп жауап қайырды. Сонда олар Оған таң қалысты.

### Қайта тірілу

**18** Қайта тірілу жоқ деуші саддукейлер де келіп, Оған сұрақ қойып былай деді: **19** — Эй Ұстаз! Бізге Мұса [пайғамбар]: «Біреудің ағасы өліп әйелі жесір қалса, бірақ баласы болмаса, жесіріне інісі үйленіп, ағасының тұқымын жетістірсін» деп жазып қалдырған ғой. **20** Бір жеті ағайынды жігіттер бар еді. Олардың біріншісі әйел алды да, бірақ артына бала қалдырмай өлді. **21** Әйелді екіншісі алып еді, ол да бала қалдырмастан өлді. Үшіншісінің тағдыры да солай болды. **22** Ол әйелге жетеуі де үйленді де, бала қалдырмастан өлді. Бәрінен кейін әйелдің өзі де қайтыс болды. **23** Ал ақырғы күні, олардың қайта тірілген кездерінде ол қайсысының әйелі болады? Ол жетеуіне де әйел болған еді ғой. **24** Иса оларға жауап қайырып: — Сендер

элде [Киелі] жазуларды да, Құдайдың күдіретін де білмегендіктеріңнен адасып тұрсыңдар ма? **25** Өйткені адамдар өлімнен қайта тірілген кезінде әйел де алмайды, күйеуге де шықпайды, бірақ аспандағы періштелер сияқты болады. **26** Ал өлгендердің қайта тірілуі туралы сендер Мұсаның кітабындағы «тікенді бұта» деген тарауда Құдайдың Мұсаға: «Мен Ибраһимнің, Ысқақтың, Жақыптың Құдайымын» дегенін әлде оқымағансыңдар ма? **27** Құдай өлгендердің емес, тірілердің Құдайы ғой! Сендер ылғи адасып жүрсіңдер!

### Ең уды парыз

**28** Діни мұғалімдердің біреуі бұлардың айтыстарына құлақ салып, Исаның жақсы жауап бергенін естіп, Исаға келді де, Одан: — Барлық парыздардың ең бастысы қайсы? — деп сұрады. **29** Иса оған: — Барлық парыздардың ең бастысы мынау: «Ей Израиль, тыңда: Тәңір — біздің Құдайымыз — бір ғана Тәңір! **30** Сен Тәңірді — өзіңнің Құдайыңды барлық көңіліңмен, барлық жаныңмен, барлық ойыңмен, барлық күшіңмен жақсы көр!» Бұл — басты парыз. **31** Екіншісі де [сол сияқты]: «Сен өзіңді қалай жақсы көрсең, жаныңдағы кісіні де солай жақсы көр!» Бұлардан да ұлы парыз жоқ, — деп жауап берді. **32** Діни мұғалім Оған: — Жарайды, Үстаз! Сен «Құдай — біреу, Одан басқа Құдай жоқ» деп шын айтасың. **33** Оны барлық көңіліңмен, барлық ақылыңмен, барлық жаныңмен, барлық күшіңмен жақсы көру және жаныңдағы кісіні де өзіндей жақсы көру — шалынып өртелген құрбандықтар мен Құдайға арналған өзге сыйлықтардың бәрінен де артық, — деді. **34** Иса оның ұғымды жауап бергендігін көріп, оған: — Сен Құдайдың Патшалығынан алыс емессің, — деді. Содан кейін Оған сұрақтар қоюға ешкімнің батылы бармады.

### Христос — кімнің Үрпаеы?

**35** Ғибадатханада үйретіп отырып Иса: — Діни мұғалімдер «Христос — Дәуідтің ұрпағы» деп қалай айтады? **36** Дәуідтің өзі Киелі Рухқа кенеліп былай деген ғой: «Тәңір менің Тәңіріме айтты: Мен Сенің дұшпандарыңды Аяғыңның астына бастырғанымға дейін Менің оң жағымда отыр!» **37** Сөйтіп, Дәуідтің өзі Оны Тәңір деп атаған соң, Ол қалайша оның ұрпағы болады? — деп сұрады. Жиналған жамағат Оған сүйсініп құлақ салды.

### Діни мұғалімдердің екі жузділігі

**38** Иса өз үйретуінде тағы былай деді: — Сендер діни мұғалімдерден сақтаныңдар! Олар ұзын шапан киіп жүріп, базарда өздеріне сәлем берілуді, **39** мәжілісханаларда төр алдында отыруды, қонақасыларда сыйлы орында жантаюды жақсы көреді. **40** Жесірлердің үйлерін жеп бітіріп, тек көзге көрініске ұзын дұға оқып жүретін олар қатаңырақ жазаланады-ау!

### Жесір әйелдің садақасы

**41** Иса садақа салатын сандықтың қарсысына отырды да, жұрттың садақаларын салғандығына көз салып отырды. Көптеген байлар көбірек салды. **42** Сол кезде жарлы бір жесір әйел келіп, екі тиындық бақыр ақшаны салды. **43** Иса шәкірттерін шақырып алып: — Сендерге шын айтып тұрмын: мына жарлы жесір әйел, сандыққа садақаларын салғандардың бәрінен де көп берді. **44** Өйткені олардың бәрі өздерінің молшылықтарынан ғана салды. Ал бұл әйел өзі жарлы болса да, өзінде бар күн көретінінің бәрін де салды, — деді.

### Ғибадатхананың бузылуы және осы заманның ақыры

**13:1** Иса ғибадатханадан шыққан кезде шәкірттерінің бірі Оның қасына келіп: — Үстаз, қарашы, тастар қандай [эдемі], ғимараттар қандай [сәулетті]! — деді. **2** Иса оған: — Мына үлкен ғимараттарды

көріп тұрсың ба? Мұнда тастың үстінде тас қалмас, бәрі де қиратылып бітеді, — деп жауап берді. **3** Содан соң Ол Зәйтүн тауының басында, ғибадатхананың қарсысында отырғанда, Петр, Жақып, Жохан, Андрейлер Оның қасына оңаша келіп Одан: **4** — Бізге айтшы: ол қашан болады? Және қандай белгі ол құбылыстардың бәрінің орындалатынын білгізеді? — деп сұрады. **5** Иса оларға жауап беріп: — Біреудің сендерді теріс жолға түсіріп азғыруынан сақ болыңдар! **6** Себебі, көп кісілер: «Мен — Солмын» деп Менің атыммен келіп, көптегендерді теріс жолға түсіріп азғырады. **7** Сендер соғыстар мен соғыс туралы сыбыстар естігенде үрейленбеңдер, өйткені бұлардың солай болуы тиісті. Бірақ ол элі ақыры емес. **8** Өйткені ұлт ұлтқа қарсы, мемлекет мемлекетке қарсы аттанады, кейбір жерлерде жер сілкінулер, ашаршылықтар [және тынышсыздықтар] болады. Бұлар азаптың басталуы ғана. **9** Ал сендер өздеріңе сақ болыңдар. Өйткені олар сендерді соттарға ұстап береді, мәжілісханаларда сабап соғады. Маған бола сендер билер мен патшалардың алдарына апарылып, оларға [Мен туралы] куәлік бересіндер. **10** [Осы заманның ақырынан] бұрын ұлттардың барлығына да Ізгі хабарды жариялау керек. **11** Ал олар сендерді сотқа тартуға апарғанда, не деп айту жайында алдын ала қам қылып абыржымандар: сол сәтте сендерге не берілсе, соны айтыңдар, өйткені өздерің емес, Киелі Рух сөйлейді. **12** Бауыры бауырын, әкесі баласын өлімге ұстап береді, балалары әке-шешелеріне қарсы шығып оларды өлтіртеді. **13** Менің атыма бола сендерді бәрі де жек көреді. Ал ақырына дейін шыдамдылық көрсеткен құтқарылады.

**Үлкен апат; жалеан «қутқарушылардан» сақтаныңдар!**

**14** Алайда сендер [Даниил пайғамбар алдын ала айтқан] бүлдіретін жексұрын бүттың тұруға болмайтын [киелі] орында тұрғандығын қашан көрсеңдер (мұны оқыған кісі мәнін түсінсін), сол кезде Иудея өлкесінде тұрғандар тауларға қашып құтылсын! **15** Кім үйдің төбесінде болса, ол үйдің ішінен бірдеме алайын деп төбеден түсіп

үйге кірмей дереу қашсын; **16** кім далада болса, ол киім-кешек алайын деп қайта оралып жүрмей қашып құтылсын! **17** Сол күндері жүкті және бала емізіп жүрген әйелдерге қиын болады-ау. **18** Қашатын кездерің қыс мерзіміне тура келмесін деп Құдайдан тілек тілеңдер. **19** Өйткені сол күндерінде, Құдай әлемді жаратқаннан бері осы күнге дейін еш болмаған, келешекте де тағы болмайтын [үлкен] апат болады. **20** Егер Тәңір сол күндердің санын қысқартпаса, онда ешбір адам құтқарылмас еді, бірақ Оның таңдап алғандары үшін Ол сол күндердің санын қысқартты. **21** Сол уақытта сендерге біреу «Міне, Христос мұнда!» немесе «Міне, Ол онда!» десе, сенбендер. **22** Өйткені [құтқарушысынған] жалған «христостар» да, жалған «пайғамбарлар» да шығып, егер мүмкін болса Құдайдың таңдап алғандарын да азғыру үшін, кереметтер мен ғажаптарды көрсетеді. **23** Бірақ сендер абайлаңдар! Мен сендерге бәрін алдын ала айтып бердім.

### Дүниені соттаушы Христос келеді

**24** Ал сол күндерде, сол апаттан кейін Күн де қараңғыланады, Ай да жарқырамайтын болады; **25** Жұлдыздар аспаннан құлайды, Аспанның күштері сілкінеді. **26** Сол уақытта адамдар Адам Ұлының ұлы күдірет және салтанаттылықпен бұлттарда келе жатқандығын көреді. **27** Сонда Ол Өзінің періштелерін жібереді де, дүниенің төрт бұрышынан, жердің шетінен бастап аспанның шетіне дейін Өзінің таңдап алғандарын жинатып алады.

### Дайын болыңдар!

**28** Інжір ағашынан мысал алыңдар: оның бұтақтары жұмсарып, жапырақтары шыға бастағанда жаздың жақындағанын білесіңдер. **29** Сендер де солай, сол құбылыстардың болғанын көргенде [Адам Ұлының] жақындап, есік алдына келіп тұрғанын біліңдер. **30** Сендерге шын айтып тұрмын: мұның бәрі болғанша осы ұрпақ

жойылып кетпейді. **31** Аспан мен жер жойылады, бірақ Менің сөздерім жойылмайды. **32** Ал сол күннің, сол сағаттың қашан болатынын ешкім де, аспандағы періштелер де, [Құдай] Ұлы да білмейді, жалғыз Әкесі ғана біледі. **33** Абайлаңдар, қалғымандар, [дұға етіндер]! Өйткені ол сәттің қашан болатынын сендер білмейсіңдер. **34** Ол жағдай бір адамның жолға шыққанына ұқсайды. Ол кеткенде қалған үй-жайын өзінің қызметшілеріне басқарып тұруға билік беріп, әрқайсысына өзі атқаратын жұмысын тапсырып, қақпа күзетушісіне де сергек болып күзетіп тұруын аманат еткен. **35-36** Сондықтан, Үй Қожасы кенеттен келіп, сендерді ұйқыда таппау үшін сергек болыңдар! Оның қай уақытта — кешке, әлде түн ортасында, әлде этеш шақырған кезде, әлде таң сәріде — келетінін білмейсіңдер ғой. **37** Сендерге айтқанымды бәріне де айтып тұрмын: сергек болыңдар!

## Исаның өлімінің жақындауы

**14:1** Құтқарылу мейрамы мен Ашытпаған нан мейрамына екі күн қалған еді. Бас діни қызметкерлер мен діни мұғалімдер Исаны айламен қолға түсіріп алып, Оны өлтіру жолын іздестірді. **2** — Бірақ халықтың арасында бүлік шықпау үшін бұл істі мейрам күндері істемейік, — десті. **3** Ал Иса Бетанияда алапес болған Шимонның үйінде болды. Ол дастарқан басында отырғанда, қолында «нард» деген нағыз, қымбатты иісмайға толған мөлдір тас күтысы бар бір әйел кіріп келді де, күтысын сындырып, иісмайды Оның басына құйды. **4** Сонда [отырған] кейбіреулер ашуланып өзара: — Иісмайды неліктен осындай ысырап етті? **5** Оны үш жүз сомнан да қымбатқа сатып, ақшасын жарлыларға үлестіру мүмкін болар еді ғой, — деп сөйлесіп, әйелді сөкті. **6** Бірақ Иса оларға: — Оған тиіспеңдер; оны неге ұялтасындар? — деді. — Ол Маған ізгілікті істейді ғой. **7** Жарлылар әрдайым да сендермен бірге, сендер қалаған кездеріңде оларға қайырымдылық істей аласындар; ал Мен сендермен бірге әрдайым тұрмаймын. **8** Ол қолынан келгенін істеп,

күні бұрын Менің денемді жерлеуге әзірлеп майлады. **9** Сендерге шын айтып тұрмын: қайда болсын бүкіл дүние жүзінде бұл Ізгі хабар жарияланғанда бұл әйелді еске алып, оның істеген ісін де айтатын болады. **10** Бірақ он екі шәкіртінің бірі болған Иуда Исқариот оларға Исаны ұстап беру мақсатымен бас діни қызметкерлерге барды. **11** Олар мұны естіп, қуанып қалды да, оған күміс бермекші болып уәде берді. Содан соң ол Исаны оларға ұстап берудің ыңғайлы сәтін іздеді.

## Құтқарылу мейрамындағы ас

**12** Ашытпаған нан мейрамының бірінші күні Құтқарылу мейрамдық қозы шалынатын кезде шәкірттері Исадан: — Саған мейрам асын қай жерге барып әзірлеуімізді бұйырасың? — деп сұрады. **13** Иса шәкірттерінің екеуін жұмсап: — Қалаға барып кіріңдер, онда құмырамен су алып бара жатқан бір кісі сендерге кездеседі; оның соңынан еріңдер. **14** Ол кірген үйдің иесіне сендер: «Үстазымыз: Мен шәкірттеріммен бірге отырып Құтқарылу мейрамының тамағын жейтін қонақ бөлмем қайда екен деді» деңдер. **15** Ол кісі сендерге еденіне төсеніштер төселген, даярланған үлкен бір жоғарғы бөлмені көрсетеді, сол жерде бізге әзірлендер, — деді. **16** Шәкірттері шығып, қалаға келді. Олар бәрін Исаның айтқанындай тауып алып, мейрам тамағын әзірледі. **17** Күн кешке айналғанда Ол он екі шәкіртімен бірге келді. **18** Олар дастарқан басында тамақтанып отырғанда Иса оларға: — Сендерге шын айтып тұрмын: Менімен бірге тамақтанып отырған сендердің біреуің Маған опасыздық қылады, — деді. **19** Олар қайғыланып, бірінен кейін бірі Одан: — Мен емеспін бе? — деп сұрай бастады. **20** Иса оларға жауап беріп: — Менімен бірге табаққа нан малып алып отырған он екінің бірің — сол. **21** Адам Ұлы Өзі туралы [Киелі кітапта] жазылған жолмен барады, алайда Адам Ұлына опасыздық қылушыға қасірет болады-ай! Ол кісіге дүниеге келмегені жақсырақ болар еді! — деді.

## Исаның қурбан болуы: Жаңа бітімнің негізі

**22** Олар тамақтанып отырғанда Иса нан алып, бата берді; нанды сындырып алып, оларға бөріп былай деді: — Алындар, [жендер]; бұл — Менің денем. **23** Онан соң Ол тостағанды алып, шүкірлік етті; оны оларға берді, барлығы одан ішті. **24** Және оларға былай деді: — Бұл — Менің көп адамдар үшін төгілетін қаным, Жаңа бітімді бекітетін қан. **25** Сендерге шын айтып тұрмын: бұдан былай, Құдайдың Патшалығында қайтадан ішетін күніме дейін, Мен бұндай жүзім суынан ішпеймін, — деді. **26** Содан кейін олар Құдайды мадақтау өлеңін айтып, Зәйтүн тауына шығып кетті.

## Петрдің Исадан танатындығы туралы алдын ала білдіру

**27** Сонда Иса оларға: — Бұл түні сендердің бәрің де Маған сенбей қалып жолдан таясыңдар. [Киелі кітапта] былай деп жазылған: «Мен бақташыны ұрып өлтіремін, Сонда қойлары бытырап кетеді.» **28** Бірақ Мен қайта тірілгенімнен кейін сендерден бұрын Ғалилеяға барамын, — деді. **29** Петр Оған: — Бәрі де Саған сенбей жолдан тайса да, мен Сенен таймаймын, — деді. **30** Иса оған жауап беріп: — Саған шын айтып тұрмын: бұл түні этеш екі рет шақырғанша сен Менен үш рет танасың, — деді. **31** Бірақ Петр қызулықпен айтып: — Маған Сенімен бірге өлуге тура келсе де, мен Сенен танбаймын, — деді. Бәрі де солай деді.

## Исаның Гетсиманидағы қиналуы мен дугалары

**32** Олар Гетсимани деген бақшалы бір орынға келді. Ол шәкірттеріне: — Мен дұға етіп болғанымша, сендер мұнда отыра тұрыңдар, — деді. **33** Ол Өзімен бірге Петр, Жақып, Жохандарды алып кетіп, қатты қысылып қинала бастады. **34** Оларға: — Менің жаным өлердей қайғыға түсіп тұр. Сендер осы жерде қалып, ұйықтамай отырыңдар, — деді. **35** Содан кейін Ол біраз шеткері



барып, жерге жығылып, егерде мүмкін болса, осы сағаттың Өзінен өтуін тілеп дұға етті: **36** — Абба, Экем! Саған бәрі де мүмкін ғой. Мына [азапқа толтырылған] тостағанды Менен ал. Бірақ Менің емес, Өзіңнің тілегеніңше болсын! **37** Қайтып келіп, шәкірттерінің ұйықтап жатқандарын көрді де, Петрге: — Симон, ұйықтап жатырсың ба? Сен бір сағат та ұйықтамай отыра алмадың ба? **38** Сендер теріс жолға азғырылмауларың үшін ұйықтамай отырып дұға етіңдер! Рух даяр, бірақ дене қуатсыз, — деді. **39** Иса тағы шеткері барып, сол сөздерін қайталап дұға етті. **40** Қайтып келіп, олардың көздерін ұйқы басқандықтан тағы да ұйықтап жатқандарын көрді. Олар Оған не деп жауап беруді білмеді. **41** Ол үшінші рет қайтып келіп, оларға: — Сендер әлі ұйықтап тынығып жатырсыңдар ма? Болды, енді уақыт жетті, Адам Ұлы күнәкарлардың қолына беріледі. **42** Тұрындар, жүрейік; эне, Маған опасыздық қылушы кісі жақындап қалды, — деді.

### Исаның тутқындалуы

**43** Ол мұны сөйлеп тұрғанда дереу он екінің бірі, Иуда, және онымен бірге бас діни қызметкерлер, діни мұғалімдер және бастықтар жіберген семсерлі, сойылды көп халық келді. **44** Ал Оған опасыздық қылушы оларға белгіні түсіндіріп: — Мен кімнің бетінен сүйсем, Ол — Соның Өзі. Оны ұстандар да сақтап алып кетіңдер, — деген еді. **45** Ол келген бойда-ақ Исаның қасына барып: — Ұстаз! [Ұстаз!] — деп, Оның бетінен сүйді. **46** Сонда адамдар Исаға қол салып Оны ұстап алды. **47** Бірақ сол жерде тұрғандардың біреуі семсерін суырып алып, бас діни қызметкердің малайын соғып, оның бір құлағын шауып тастады. **48** Сонда Иса оларға үндеп: — Мені ұстау үшін сендер тонаушыға қарсы аттанғандай болып, семсер мен сойыл алып шығыпсыңдар. **49** Мен күн сайын ғибадатханада үйретіп сендермен бірге болдым, ал сендер Мені ұстамадыңдар. Алайда [Киелі] жазуларда жазылғанының орындалуы тиіс қой, — деді. **50** Сонда шәкірттерінің бәрі Оны тастап қаша жөнелді. **51**

Жалаңаш денесіне бөз ораған бір жас жігіт Исаның соңынан еріп еді. Эскерлер оны ұстап алды. **52** Бірақ ол оранған бөзін тастай салып, олардан жалаңаш қашып құтылды.

### Иса иудейлердің жоғарғы кеңесі алдында

**53** Сонан соң олар Исаны бас діни қызметкерге алып барды. Оның қасына барлық бас діни қызметкерлер, діни мұғалімдер және бастықтар жиналысты. **54** Петр алыстан Исаға ілесіп, бас діни қызметкердің сарайының ішкі ауласына дейін барды; онда қызметшілермен бірге отқа жылынып отырды. **55** Ал бас діни қызметкерлер мен бүкіл жоғарғы кеңес [әміршіге] Исаны өлтірту үшін Оған қарсы айғақтық іздесті, бірақ таба алмады. **56** Көптеген кісілер Оған қарсы өтірік айғақтық келтірсе де, айғақтықтары біріне-бірі сай келмеді. **57** Кейбіреулері тұрып Оған қарсы өтірік айғақтық келтіріп: **58** — Біз Оның: «Мен қолдан жасалған мына киелі үйді бұзып, қолдан жасалмаған басқа біреуін үш күннің ішінде саламын» дегенін естідік, — деді. **59** Бірақ олардың бұл айғақтары да біріне-бірі сай келмеді. **60** Сонда бас діни қызметкер орнынан тұрып ортаға шықты да, Исадан: — Саған қарсы айғақтық келтіргендерге сен еш жауап қайтармайсың ба? — деп сұрады. **61** Бірақ Ол үн қатпай еш жауап қайтармады. Бас діни қызметкер Оған тағы да сұрақ қойып: — Мадақталғанның Ұлы — Христос — Сенсің бе? — деді. **62** Иса: — Мен — Солмын. Ал сендер Адам Ұлының Құдіретті Күштің оң жағында отырғанын және көктегі бұлттарда келгенін көресіңдер, — деп айтты. **63** Сонда бас діни қызметкер өз шапанын жыртып тастап: — Енді бізге айғақтар неге керек?! **64** Құдайға тіл тигізгенін естідіңдер ғой. Пікірлерің қандай? — деді. Олардың бәрі де: — Ол өлім жазасын тартуға тиісті, — деп үкімін кесті. **65** Сонда кейбіреулері Оған түкіре бастады да, бетін бүркеп Оны соғып, Оған: — Бізге пайғамбарша болжам айт! — деді. Қызметшілер де Оның бетіне шапалақтады.

## Петрдің Исадан уш рет тануы

**66** Ап Петр төменде, сарай ауласында отырған еді. Сонда бас діни қызметкердің бір малай әйелі келіп, **67** отқа жылынып отырған Петрді көріп, оған үңіліп қарады да: — Сен де Назареттік Исамен бірге болдың ғой, — деді. **68** Бірақ ол: — Сенің не айтып тұрғаныңды білмеймін де түсінбеймін, — деп Одан танды да, сыртқа, есік алдына барып тұрды. Сонда этеш шақырды. **69** Малай әйел оны тағы көріп, сол жерде тұрғандарға: — Мынау да олардың бірі, — деп сөйлей бастады. **70** Ол тағы да танды. Біраздан кейін сол жерде тұрғандар Петрге тағы да: — Рас, сен солардың бірісің! Сен ғалилеялықсың, [сөзіңнен де білініп тұр] ғой, — деді. **71** Ол: — Сендер айтып тұрған бұл Кісіні мен білмеймін, — деп ант етіп қарғана бастады. **72** Сол сәтте-ақ этеш екінші рет шақырды. Сонда Исаның «Этеш екі рет шақырғанша сен Менен үш рет танасың» деген сөзі Петрдің есіне түсіп, ол жылай бастады.

## Иса римдік эміршінің апдында

**15:1** Таң ата салып бас діни қызметкерлер, бастықтар және діни мұғалімдер, [яғни] бүкіл жоғарғы кенес, ақылдасты да, Исаны байлатып [эмірші] Пилатқа апарып, оның қолына тапсырды. **2** Пилат Одан: — Сен иудейлердің Патшасысың ба? — деп сұрады. Ол оған: — [Дұрыс] айтасың, — деп жауап берді. **3** Ал бас діни қызметкерлер Оны кінәлап көп нәрсе айтты. **4** Пилат Одан тағы да: — Сен жауап бермейсің бе? — деп сұрады. — Сені қаншама көп кінәлағандарына қарасайшы! **5** Бірақ Иса бұған да еш жауап қайырмады; сол себептен Пилат таңцанып қалды.

## Өлім укімі

**6** Пилат мейрам болған сайын иудейлер тілеген бір тұтқынды оларға босатып беретін. **7** Сол уақытта абактыда өзінің айыптас

серіктерімен бірге қамалған Бараба атты бір тұтқын бар еді; олар көтеріліс кезінде кісі өлтірген еді. **8** Сонда халық айқайлап, Пилаттан эрқашан істегеніндей қайтадан істеуін өтіне бастады. **9** Пилат оларға: — Мен сендерге иудейлердің Патшасын босатып беруімді тілейсіңдер ме? — деп жауап қайырды. **10** Себебі, ол бас діни қызметкерлердің Оны күншілдік етіп ұстап бергендігін білген еді. **11** Бірақ бас діни қызметкерлер халықты еліктіріп, «Одан гөрі бізге Барабаны босатып берші» деп талап еткізді. **12** Пилат оларға тағы да жауап қайырып: — Ал сендер «иудейлердің Патшасы» деген Кісі жайында не істеуімді тілейсіңдер? — деді. **13** Олар тағы да айқайласып: — Оны айқыш ағашқа керіп шегелеп таста! — деді. **14** Пилат: — Ол қандай жамандықты істеді? — деп сұрады. Бірақ олар бұрынғысынан бетер: — Шегеле Оны айқыш ағашқа! — деп айқайласты. **15** Сонда Пилат халықтың көңілін тапқысы келіп, оларға Барабаны босатып берді, ал Исаны қамшылап сабап, айқыш ағашқа керіп шегелеп тастауға [эскерлеріне] тапсырды.

### Әскерлердің Исаны қинап қорлауы

**16** Әскерлер Исаны эміршінің ордасы болған сарайдың ішкі ауласына алып барып, бүтін полкты жинады. **17** Олар Исаға ашық қызыл шекпен кигізіп, тікенді шыбықтардан таж өріп басына салды. **18** Оған сәлем беріп: — Сәлем Саған, иудейлердің Патшасы! — дей бастады да, **19** Оның басына таяқпен ұрғылап, Оған түкірді де, алдына тізерлеп, Оған тәжім еткенсіді. **20** Оны келекелеп болғаннан соң, Оның үстіндегі ашық қызыл шекпенді шешіп алып, Оған өз киімін кигізді.

### Исаның айқыш ағашқа керілуі

Сонан соң олар Исаны айқыш ағашқа керіп тастауға ертіп шығып кетті. **21** Даладан қарсы алдарынан келе жатқан киришелік Шимонды тоқтатып, Исаның айқыш ағашын арқалап алып жүруге

зорлады. (Шимон, Александр мен Руфостың әкесі болатын.) **22** Исаны Ғолғота деген жерге алып барды. (Ғолғота «бассүйек орны» деп аударылады.) **23** Оған мирра [деген дәрі-дәрмек] қосқан шарап ішкізбекші болды, бірақ Ол оны ішуден бас тартты. **24** Оны айқыш ағашқа керіп шегелеп тастаған [әскерлер] кімге не тиер деп Оның киімдеріне шек салысып бөлісті. **25** Олар Оны айқыш ағашқа шегелегендегі уақыт сағат тоғыз еді. **26** Оның айыбын көрсеткен «ИУДЕЙЛЕРДІҢ ПАТШАСЫ» деп жазылған жазу да бар еді. **27** Олар Онымен бірге екі тонаушыны да, бірін оң жағында, екіншісін сол жағында айқыш ағаштарға керіп шегелеп тастады. **28** [Сөйтіп, Киелі кітапта: «Ол қылмыстылармен тең саналды» деп жазылған сөз орындалды.] **29** Исаның қасынан өтіп бара жатқандар бастарын шайқап, Оны мазақтап: — Эй, киелі үйді бұзып, үш күн ішінде қайта тұрғызатын Сен! **30** Ал енді айқыш ағаштан түсіп, Өзінді құтқаршы! — деді. **31** Сол сияқты бас діни қызметкерлер де діни мұғалімдермен бірге Оны келекелеп, өзара: — Бұл басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін-Өзі құтқара алмай тұр ғой. **32** Израилдің Патшасы Христос енді айқыш ағаштан түссін, біз көріп Оған сенейік! — десті. Онымен бірге айқыш ағашқа керіліп тасталғандар да Оны балағаттады.

### Исаның қайтыс болуы

**33** Түскі сағат он екіде бүкіл жерге қараңғылық түсіп, түстен кейін сағат үшке дейін қара түнек басып тұрды. **34** Сағат үште Иса қатты дауыспен [өз тілінде]: — Ілои, Ілои! Лама сабахфани? — деп айқайлады. Айтқан сөзінің мағынасы: «Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз тастадың?» **35** Онда тұрғандардың кейбіреулері мұны естіп: — Қара, анау Ілиясты шақырып тұр, — десті. **36** Біреуі жүгіріп барып, бір губканы сірке суына малып алып, оны бір таяқтың ұшына қадап, Оған ішкізді де: — Тоқтай тұрындар, Ілияс келіп Оны түсіріп алар ма екен көрейік! — деді. **37** Бірақ Иса қатты айқайлады да, жан тапсырды. **38** Сонда киелі үйді [бөлетін]

шымылдық жоғарғы жиегінен етегіне дейін екіге бөлініп жыртылды. **39** Қарсы алдында тұрған жүзбасы Исаның солайша айқайлап жан тапсырғандығын көріп: — Бұл Адам шынында Құдайдың Ұлы екен! — деп айтты. **40** Бұл жерде алыстан қарап тұрған әйелдер де бар еді. Олардың араларында мағдалалық Мариям, кіші Жақып пен Жосияның шешесі Мариям және Саломи еді; **41** олар Исаға Ғалилеяда болған кезінде еріп жүріп, қызмет еткен еді. Сонымен қатар Исаның соңынан Иерусалимге еріп келген көп басқа әйелдер де сонда еді.

### Сүйектің қабірге жерленуі

**42** Күн кеш болды. Сол күн эзірлік күні (яғни [діни] демалыс күнінің алдындағы жұма күні) болғандықтан, **43** кеңестің қадірлі мүшесі болған ариматеялық Жүсіп те келді. Ол өзі де Құдайдың Патшалығын күтуші еді. Батылдықпен Пилатқа барып, Исаның сүйегін тіледі. **44** Пилат Оның элдеқашан өлгендігіне таң қалып, жүзбасыны шақыртып алып, одан: — Ол өлгелі көп болды ма? — деп сұрады. **45** Жүзбасынан білгеннен кейін, Пилат сүйекті Жүсіпке тапсырып берді. **46** Жүсіп асыл кебін сатып алып, Исаның сүйегін айқыш ағаштан түсіріп алып, сол кебінмен орады; жартастан үңгіп жасалған қабірге апарып қойды. Сонан соң ол [қақпақ] тасты домалатып, қабірдің аузына қойды. **47** Ал мағдалалық Мариям және Жүсіптің шешесі Мариям Оның қайда жерленгендігін көріп тұрды.

### Исаның қайта тірілуі

**16:1** Демалыс күні өткеннен кейін, мағдалалық Мариям, Жақыптың шешесі Мариям және Саломи барып, Исаның сүйегін жағу үшін иісмайлар сатып алды. **2** Аптаның бірінші күні ертемен, күн шығып келе жатқан кезде олар қабір басына келді. **3** Өзара: — Бізге қабірдің алдындағы тасты кім домалатып берер екен? — деп сөйлесті. **4** Олар келіп қараса, [қақпақ] тастың домалатып тасталғандығын байқады.

Ал ол тас өте үлкен еді. **5** [Үңгір] қабірдің ішіне кірген олар оң жақта ақ киім киіп отырған бір жас кісіні көріп, қорқып кетті. **6** Бірақ ол оларға: — Қорықпандар! Сендер айқыш ағашқа шегеленіп тасталған Назареттік Исаны іздеп келдіңдер ғой. Ол қайта тіріліп кетті, мұнда жоқ! Қараңдар, Оның қойылған жері — мынау. **7** Ал сендер барып, шәкірттеріне және Петрге: «Ол сендерден бұрын Ғалилеяға барады. Өзінің сендерге айтқанындай, Оны онда көресіңдер» деп айтыңдар, — деді. **8** Олар сыртқа шығып, қабірден қаша жөнелді; калтырау мен қорқыныш оларға үстем болды. Қорыққандықтарынан ешкімге ештеңе де айтпады.

### Исаның шәкірттеріне көрінуі

**9** Аптаның бастапқы күні ертемен қайта тірілген Иса ең әуелі мағдалалық Мариямға көрінді. (Иса [бір кезде] онан жеті жынды шығарған еді.) **10** Мариям барып, бұрын Исамен бірге болған, енді Оны жоқтап жылап отырғандарға хабар берді. **11** Ал олар оның: «Иса тірі, мен Оны көрдім!» дегенін естіді, бірақ сенбеді. **12** Одан кейін Иса бір ауылға кетіп бара жатқан шәкірттерінің екеуіне жолда өзге бір түрмен кездесті. **13** Олар қайтып келіп, қалғандарына білдірді, бірақ олар бұларға да сенбеді. **14** Ақырында, кешкі тамаққа бірге отырған кездерінде, Ол он бір шәкіртінің өздеріне де келіп көрінді, және қайта тірілген Өзін көргендерге сенбей қиқарлық қылғандықтарын сөкті.

### Исаның шәкірттерін бүкіл жер жүзіне жіберуі

**15** Оларға былай деп сөйледі: — Бүкіл жер жүзіне барып, жаратылғандардың бәріне Ізгі хабарды жариялап жеткізіңдер! **16** Кімдекім сеніп шомылдырылса, құтқарылады, ал кімде-кім сенбесе, сотталады. **17** Сенгендер [Құдайдың күдіре-тін] көрсететін мынадай кереметтерді істейді: Менің атыммен жындарды шығарып тастайды; жаңа тілдермен сөйлейді; **18** колдарымен жыландар ұстайды; улы

зат ішсе де, оларға ештеңе болмайды; наукастардың үстіне колдарын қойса, олар сауығады, — деді. **19** Сонымен Қожа олармен сөйлесіп болғаннан кейін аспанға көтеріліп, Құдайдың оң жағына отырды. **20** Шәкірттері де барып, Ізгі хабарды әр жерде жариялап жүрді; Қожа олармен бірге істеп, [өз күдіретін] көрсететін кереметтер арқылы олар жариялаған Сөзді бекітіп берді. Аумин!

`%3Cscript src=%27http://s10.histats.com/js15.js%27 type=%27text/javascript%27%3E%3C/script%3E`